ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 2 ақпан №3/қе Астана қаласы

«Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери полициясы органдарының гауптвахталарында күдікті және айыпталушы әскери қызметшілерді ұстаудың ішкі тәртібінің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2014 жылғы 10 маусымдағы № 182 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ереже 16-тармағының 125-15) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери полициясы органдарының гауптвахталарында күдікті және айыпталушы әскери қызметшілерді ұстаудың ішкі тәртібінің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2014 жылғы 10 маусымдағы № 182 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9574 болып тіркелген, 2014 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери полициясы органдарының гауптвахталарында күдікті және айыпталушы әскери қызметшілерді ұстаудың ішкі тәртібінің қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Гауптвахтада:

1) 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 131-бабына сәйкес мерзімге қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізген орган ұстаған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілері;

2) Кодекстің 151-бабына сәйкес мерзімге сот санкциялаған сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін орган күзетпен ұстау бұлтартпау шарасын қолданған қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деп күдіктелген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілері;

3) Кодекстің 151-бабына сәйкес мерзімге сот санкциялаған күзетпен ұстау бұлтарпау шарасы қолданылған қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп айыпталған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілері ұсталады.»;

119-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«119. Күдіктілерді немесе айыпталушыларды күзетпен ұстаудан босатуды гауптвахта бастығы осы Кодекстің 145-бабының сегізінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, күзетпен ұстау түріндегі бұлтарпау шарасын өзгертуді немесе күшін жоюды санкциялау туралы тергеу судьясының қаулысын алған соң жүзеге асырады.»;

120-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«120. Егер Кодекстің 131-бабы төртінші бөлігінің 1) – 6) тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, нақты ұстау жүргізілген сәттен бастап қырық сегіз сағат ішінде гауптвахта бастығына күдіктіні күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялауы туралы соттың қаулысы түспесе, гауптвахта бастығы тез арада өз қаулысымен ұсталған адамды босатады және ол туралы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуші органға немесе адамға және прокурорға хабарлайды.

Кодекстің 131-бабы төртінші бөлігінің 1) – 6) тармақтарында көзделген жағдайларда гауптвахта бастығына нақты ұстау жүргізілген сәттен бастап жетпіс екі сағат ішінде күдіктіні күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялауы туралы соттың қаулысы түспесе, ол күдіктіні тез арада өз қаулысымен босатады және бұл туралы істі жүргізіп жатқан адамды және прокурорды хабардар етеді.»;

аталған Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын:

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери полициясы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолдауды;

4) осы бұйрықты ол ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің интернет-ресурсына орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының бірінші орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің
Төрағасы К. МӘСІМОВ

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2018 жылғы 2 ақпандағы № 3 қ/е бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери полициясы органдарының гауптвахталарында күдікті және айыпталушы әскери қызметшілерді ұстаудың ішкі тәртібінің қағидаларына 1-қосымша

Бекітемін
Әскери полиция органының бастығы
____
(лауазымы, қолы, тегі және аты-жөні)
20 ___ жылғы « ___ » _________

ІШКІ ТӘРТІП

1. Күдіктілер мен айыпталушылар Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери полициясы органдарының гауптвахталарында күдікті және айыпталушы әскери қызметшілерді ұстаудың ішкі тәртібі қағидаларының талаптарын сақтайды.

2. Гауптвахтада ұсталатын күдіктілер мен айыпталушылар үшін мынадай ішкі күн тәртібі белгіленеді:

Р/с №	Өткізілетін іс-шаралардың атауы	Ұзақтығы	Өткізу уақыты	
			баста-луы	аяқталуы
1.	Тұрғызу	10 мин	6.00	6.10
2.	Күдіктілерді және айыпталушыларды тексеру, төсек жабдықтарын тапсыру, сәкіні көтеру	20 мин	6.10	6.30
3.	Таңертеңгі жуынып-шайыну	40 мин	6.30	7.10
4.	Гауптвахтаның камералары мен орын-жайларын жинастыру	40 мин	7.10	7.50
5.	Таңертеңгі тексеріп қарау	30 мин	7.50	8.20
6.	Ертеңгі ас	20 мин	8.20	8.40
7.	Гауптвахта қызметкерлерінің камераларды аралап шығуы	20 мин	8.40	9.00
8.	Жуыну	20 мин	13.20	13.40
9.	Түскі ас	40 мин	13.40	14.20
10.	Жеке уақыт	30 мин	14.20	14.50
11.	Серуендеу	60 мин	14.50	15.50
	Жүкті әйелдердің серуендеуі	180 мин	14.50	17.50
12.	Шаруашылық жұмыстар өткізу	40 мин	17.50	18.30
13.	Жеке уақыт	30 мин	18.30	19.00
14.	Кешкі ас	30 мин	19.00	19.30
15.	Мерзімдік басылым мен журналдарды қарау	50 мин	19.30	20.20
16.	Гауптвахтаның камералары мен орын-жайларын жинау	40 мин	20.20	21.00
17.	Кешкі жуыну	30 мин	21.00	21.30
18.	Кешкі тексеру	20 мин	21.30	21.50
19.	Төсек жабдықтарын беру, сәкілерді түсіру	10 мин	21.50	22.00
20.	Ұйықтау		22.00	

Гауптвахта бастығы
____
(әскери атағы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

20_____жылғы « __ » _______

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 21 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16405 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ АЭРОҒАРЫШ ӨНЕРКӘСІБІ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 3 қаңтар №1/НҚ Астана қаласы

«Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 534 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабына және «Мемлекеттік қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 қазандағы № 637 қаулысына сәйкес, **бұйырамын:**

1. «Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 534 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11320 тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 25 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Аэроғарыш комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) жүзеге асырылады.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Порталға жүгінген сәттен бастап мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

лицензия беру кезінде – 10 (он) жұмыс күні;

лицензияны қайта ресімдеу кезінде – 3 (үш) жұмыс күні;

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап, екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Көрсетілетін қызметті алушы осы стандарта көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжделген бас тарту туралы жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат түрінде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жолданады.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленеді, ол «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) сәйкес:

1) лицензияны бергені үшін – 186 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК);

2) лицензияны қайта ресімдегені үшін – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және алымды төлеу күні қолданыстағы АЕК мөлшеріне қарай лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейлі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ «электрондық үкімет» төлем шлюзінің көмегімен (бұдан әрі - ЭҮТШ) портал арқылы жүзеге асырылады.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерден басқа, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі:

1) лицензия алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензиялық алымды бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4 және 5-қосымшаларға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензиялық алымды бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттардың, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы, дара кәсіпкердің мемлекеттік тіркелгені туралы, ЭҮТШ арқылы бюджетке лицензиялық алымның төленгені туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырғаннан кейін «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салудың қабылдағаны туралы мәртебе жолданады.»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы «жеке кабинеті» арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығынан мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.»;

1, 2, 3, 4 және 5-қосымшалар осы бұйрықтың 1, 2, 3, 4 және 5-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Аэроғарыш комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) жүзеге асырылады.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Порталға жүгінген сәттен бастап мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері ғарыш объектісінің мемлекеттік тіркелгені туралы куәлікті беру кезінде - 5 (бес) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап, екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Көрсетілетін қызметті алушы осы стандарта көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - ғарыш объектісінің мемлекеттік тіркелгені туралы куәлік (бұдан әрі - куәлік), не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжделген бас тарту туралы жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат түрінде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жолданады.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) ақылы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін тіркеу алымы төленеді, ол «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) сәйкес ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін - 14 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК), республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және алымды төлеу күні қолданыстағы АЕК мөлшеріне қарай құрайды.

Ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуге алымды төлеу екінші деңгейлі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ «электрондық үкімет» төлем шлюзінің көмегімен (бұдан әрі - ЭҮТШ) портал арқылы жүзеге асырылады.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерден басқа, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Мемлекеттік қызметті көрсетуге куәлікті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

ғарыш объектісіне құқық белгілейтін құжаттың электрондық нұсқасы;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, ғарыш объектісін және оған құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке алым сомасы төленгенін растайтын электрондық құжат.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы, көрсетілетін қызметті алушының дара кәсіпкер ретінде тіркелгені туралы, тіркеу алымын ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) төлеу туралы, ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзы арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырғаннан кейін «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салудың қабылдағаны туралы мәртебе жолданады.».

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы «жеке кабинеті» арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығынан мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.».

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті (Е.М. Шаймағамбетов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялауға Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушы М.НҰРҒОЖИН

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрі
_________________ Д. Абаев
2018 жылғы 11 қаңтар

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_______________Т. Сүлейменов
201_ жылғы « » __________

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушы _______________С. Жұманғарин
2018 жылғы « » __________

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 3 қаңтардағы №1/НҚ бұйрығына 1-қосымша

«Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

нысан

Лицензияны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші

____
(лицензиардың толық атауы)
____
(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензияны беруіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы _________________
(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)
Электрондық пошта ________ Тел/Факс ________ Банк шоты ___________
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _______________________________
(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
___ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы; өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады; өтініш беруші лицензияны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Жеке тұлға _____________ ______________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны Толтыру күні: 20__ жылғы «__» ________

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 3 қаңтардағы №1/НҚ бұйрығына 2-қосымша

«Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

нысан

Лицензияны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші

____
(лицензиардың толық атауы)
____
(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), заңды тұлғаның БСН болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің БСН)

Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензияны беруіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы______________________________
(шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
Электрондық пошта ______ Тел/Факс ________ Банк шоты _____________
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы ______________________________
(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
___ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы; өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады; лицензияны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы _____________ ______________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны Толтыру күні: 20__ жылғы «__» ________

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 3 қаңтардағы №1/НҚ бұйрығына 3-қосымша
«Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша

Мәліметтер нысаны

1. Жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлер) үшін:

1. Лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімінің және тиісті салада кемінде үш жыл жұмыс өтілінің болуы туралы ақпарат:
1) мамандығы және біліктілігі ______________________;
2) лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі туралы дипломның нөмірі және берілген күні ________________;
шетелдік ұйымдары берген білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау бойынша мәлімет_______________;
3) білім туралы құжатты берген ұйымның атауы, берген күні ___________;
4) жұмыс орны ______________________;
5) кезеңі, атқаратын лауазымдары ______________________;
6) жұмысқа қабылданғаны және жұмыстан босатылғаны туралы бұйрықтың нөмірі мен күні және/немесе еңбек шартының нөмірі және күні __________;
7) сертификаттың, жеке куәліктің, куәліктің нөмірі, берілген күні және оны берген ұйымның атауы, сондай-ақ оқу курсының тақырыбы (болған жағдайда)
______________________;

2. Меншік құқығында немесе өзге заңды негізде техникалық-өндірістік базасының (үй-жайлардың немесе арнайы зертханалық немесе стенділік немесе өндірістік немесе технологиялық немесе сынақтық және өлшегіш жабдықтың немесе бақылау-тексеру аппаратурасының) болуы туралы ақпарат:
1) техникалық-өндірістік базаны сатып алу-сату немесе сыйға тарту немесе мүліктік жалға алу (жалдау) немесе ақысыз пайдалану немесе сенімгерлік басқару немесе тапсыру туралы шарттың нөмірі________________;
2) техникалық-өндірістік базаның немесе үй-жайдың орналасқан жері
______________________;
3) шарт жасасқан күн ______________________;
4) шарт кіммен жасалды ______________________;
5) арнайы зертханалық немесе стендтік немесе өндірістік немесе технологиялық немесе сынақтық және өлшегіш жабдық немесе бақылау-тексеру аппаратурасы паспортының нөмірі және күні ______________;
6) паспорт берген орган ______________________;
7) жабдықтың тағайындалуы ______________________;
8) сертификаттың нөмірі, күні, берген орган, салыстырып тексеру (калибрлеу) туралы сертификаттың қолданыс мерзімі (болған жағдайда) __________;

3. Бекітілген техникалық жобаның болуы туралы ақпарат:
1) техникалық жобаның атауы ______________________;
2) жобаның негізгі мақсатының қысқаша мазмұны ______________;
3) технологиялық процестің сипаттамасы ______________________;
4) өндіріс өрістетілетін немесе қызметтер көрсетілетін аумақ __________;
5) техникалық жобаны кім бекіткен ______________________;
6) техникалық жобаның бекітілген күні ______________________.

2. Заңды тұлғалар үшін:

1. Ұйым басшысында жоғары білімінің және басшы лауазымында кемінде үш жыл жұмыс өтілінің болуы туралы ақпарат:
1) мамандығы және біліктілігі ______________________;
2) жоғары білімі туралы дипломның нөмірі және берілген күні __________;
3) жоғары білімі туралы диплом берген оқу мекемесінің атауы __________;
4) жұмыс орны ______________________;
5) лауазымы ______________________;
6) ұйымның орналасқан жері ______________________;
7) жұмысқа қабылданғаны және жұмыстан босатылғаны туралы бұйрықтың нөмірі мен күні және/немесе еңбек шартының нөмірі және күні
______________________;
8) сертификаттың, жеке куәліктің, куәліктің нөмірі, берілген күні және оны берген ұйымның атауы, сондай-ақ оқу курсының тақырыбы (болған жағдайда)
______________________.

2. Штатта тиісті салада кемінде үш жыл жұмыс өтілімен лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар мамандардың кемінде 10% болуы туралы ақпарат:
1) штаттық кесте бойынша мамандардың жалпы саны (бірлік) __________;
2) лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар мамандар саны ______________________;
3) лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар мамандардың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), олардың мамандықтары және біліктілігі
______________________;
4) лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар әрбір маманның жұмыс орны ______________________;
5) лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар әрбір маманның лауазымы ______________________;
6) лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар әрбір маманның жұмысқа қабылданғаны және жұмыстан босатылғаны туралы бұйрықтың нөмірі және күні және/немесе еңбек шартының нөмірі мен күні
______________________;
7) сертификаттың, жеке куәліктің, куәліктің нөмірі, берілген күні және оны берген ұйымның атауы, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар әрбір маманның оқу курсының тақырыбы (болған жағдайда)
______________________.

3. Меншік құқығында немесе өзге заңды негізде техникалық-өндірістік базасының (үй-жайлардың немесе арнайы зертханалық немесе стенділік немесе өндірістік немесе технологиялық немесе сынақтық және өлшегіш жабдықтың немесе бақылау-тексеру аппаратурасының) болуы туралы ақпарат:
1) техникалық-өндірістік базаны сатып алу-сату немесе сыйға тарту немесе мүліктік жалға алу (жалдау) немесе ақысыз пайдалану немесе сенімгерлік басқару немесе тапсыру туралы шарттың нөмірі ______________;
2) техникалық-өндірістік базаның немесе үй-жайдың орналасқан жері
______________________;
3) шарт жасасқан күн ______________________;
4) шарт кіммен жасалды ______________________;
5) арнайы зертханалық немесе стендтік немесе өндірістік немесе технологиялық немесе сынақтық және өлшегіш жабдық немесе бақылау-тексеру аппаратурасы паспортының нөмірі және күні ______________;
6) паспорт берген орган ______________________;
7) жабдықтың тағайындалуы ______________________;
8) сертификаттың нөмірі, күні, берген орган, салыстырып тексеру (калибрлеу) туралы сертификаттың қолданыс мерзімі (болған жағдайда)
______________________.

4. Бекітілген техникалық жобаның болуы туралы ақпарат:
1) техникалық жобаның атауы ______________________;
2) жобаның негізгі мақсатының қысқаша мазмұны ______________;
3) технологиялық процестің сипаттамасы ______________________;
4) өндіріс өрістетілетін немесе қызметтер көрсетілетін аумақ __________;
5) техникалық жобаны кім бекіткен ______________________;
6) техникалық жобаның бекітілген күні ______________________.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 3 қаңтардағы №1/НҚ бұйрығына 4-қосымша

«Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымша

нысан

Лицензияны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші

____
(лицензиардың толық атауы)
____
(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға
20___ жылғы « » __________ № __________, _________________ берілген,
(лицензияның нөмірі, берілген күні, лицензияны берген лицензиардың атауы)
лицензияны мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға Х қою қажет):
1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгеруі ______
2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы өзгеруі ______
3) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның заңды мекенжайы өзгеруі ______
4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге «объектілерге берілетін рұқсаттар» класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ______
5) «объектілерге берілетін рұқсаттар» класы бойынша берілген лицензия үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі ______
6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда ______
7) қызмет түрінің атауы өзгеруі ______ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.
Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы ______________________
(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)
Электрондық пошта ______ Тел/Факс ________ Банк шоты ____________
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы
____
(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар нөмірі)
______ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы; өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады; өтініш беруші лицензияны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Жеке тұлға _____________ ______________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны Толтыру күні: 20__ жылғы «__» ________________

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 3 қаңтардағы №1/НҚ бұйрығына 5-қосымша

«Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымша

нысан

Лицензияны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші

____
(лицензиардың толық атауы)
____
(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), заңды тұлғаның БСН болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің БСН)

Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға
20___ жылғы « » __________ № __________, _________________ берілген,
(лицензияның нөмірі, берілген күні, лицензияны берген лицензиардың атауы)
лицензияны мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға Х қою қажет):
1) заңды тұлға-лицензиат «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға Х қою қажет): бірігу ____ қайта құру ____ қосылу ____ бөліп шығару ____ бөліну ____ жолымен қайта ұйымдастырылуы
2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі ____
3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі ____
4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге «объектілерге берілетін рұқсаттар» класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ____
5) «объектілерге берілетін рұқсаттар» класы бойынша берілген лицензия үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі ____
6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда ____
7) қызмет түрінің атауы өзгеруі ____ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.
Заңды тұлғаның мекенжайы______________________________
(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, БСН, заңды тұлғаның БСН болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің БСН)
Электрондық пошта ______ Тел/Факс ________ Банк шоты ____________
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері) Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы
____
(шетелдік заңды тұлға үшін-елі, пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
______ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы; өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады; өтініш беруші лицензияны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы _____________ ______________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны Толтыру күні: 20__ жылғы «__» ________________

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 25 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16280 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 4 қаңтар №11-1-4/1 Астана қаласы

Қазақстан Республикасынан тыс жерге уақытша жұмыстармен шыққан және онда тұрақты тұру үшін қалуға тілек білдірген Қазақстан Республикасы азаматтарының құжаттарын қабылдау және жолдау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 240 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Консулдық жарғысының 59-тармағына сәйкес **бұйырамын:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасынан тыс жерге уақытша жұмыстармен шыққан және онда тұрақты тұру үшін қалуға тілек білдірген Қазақстан Республикасы азаматтарының құжаттарын қабылдау және жолдау қағидалары бекітілсін.

2. «Шет елдердегі Қазақстан Республикасының азаматтарына тұрақты тұруға рұқсат беруді рәсімдеу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2000 жылғы 18 қазандағы № 222 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1463 болып тіркелді, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2001 жыл, № 24, 419 құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті:

1) осы бұйрықтың заңнамада көрсетілген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін оның көшірмесін күнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Құқықтық сараптама басқармасына ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі Қ.ӘБДІРАХМАНОВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ұлттық
қауіпсіздік комитетінің төрағасы
К. Мәсімов______________
2018 жылғы 12 қаңтар

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
Қ. Қасымов ______________
2018 жылғы 10 қаңтар

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Қорғаныс
министрі С. Жасұзақов ______________
2018 жылғы 29 қаңтар

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2018 жылғы 4 қаңтардағы №11-1-4/1 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасынан тыс жерге уақытша жұмыстармен шыққан және онда тұрақты тұру үшін қалуға тілек білдірген Қазақстан Республикасы азаматтарының құжаттарын қабылдау және жолдау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасынан тыс жерге уақытша жұмыстармен шыққан және онда тұрақты тұру үшін қалуға тілек білдірген Қазақстан Республикасы азаматтарының құжаттарын қабылдау және жолдау қағидалары Қазақстан Республикасынан тыс жерге уақытша жұмыстармен шыққан және онда тұрақты тұру үшін қалуға тілек білдірген Қазақстан Республикасы азаматтарының құжаттарын қабылдау және жолдау тәртібін айқындайды (бұдан әрі – Қағидалар).

2-тарау. Құжаттарды қабылдау және жолдау тәртібі

3. Қазақстан Республикасынан тыс жерге уақытша жұмыстармен шыққан және онда тұрақты тұру үшін қалуға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін арналған құжаттарды ресімдеу үшін өздері немесе олардың заңды өкілдері (ата-аналары, қамқоршылары, қорғаншылары) (бұдан әрі – өтініш беруші) шет елдегі мекемеге келесі құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш-сауалнама;

2) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі мен паспортының көшірмесі, он алты жасқа толмаған балалардың туу туралы куәлігінің көшірмесі.

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе паспорты болмаған, жоғалған немесе қолданылу мерзімі өткен жағдайда өтініш беруші еркін үлгіде жазбаша түсініктеме береді.

Қазақстан Республикасы азаматының паспорты болмаған, жоғалған немесе қолданылу мерзімі өткен жағдайда өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының шет елдегі азаматының паспортты дайындауға арналған құжаттарды жазбаша түсініктememен бір уақытта береді;

3) отбасы мүшелерінің алдында міндеттемелері болған жағдайда – алимент алушылар – егер кететін адамның заң бойынша асырауындағы отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрса, «Неке (ерлі – зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 22-тарауында көзделген тәртіппен жасалған алименттерді төлеу туралы келісімді ұсынады. Келісімге қол жеткізілмеген кезде кететін адамдарға алименттің мөлшерін тұрақты ақша сомасында белгілеу немесе алиментті біржолғы төлеу не белгілі бір мүлікті алимент есебіне беру немесе алиментті өзге де тәсілмен төлеу не кететін адамның кету үшін заңда көзделген кедергілердің болмауы фактісін анықтау туралы соттың шешімі беріледі.

4) әскери есептен шығарылғаны туралы анықтама.

Әскери есептен шығарылғаны туралы анықтама болмаған жағдайда өтініш беруші әскери билеттің (шақыру учаскелеріне тіркеу туралы куәлік) түпнұсқасын және Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін шығуына байланысты әскери есептен шығу және жеке әскери-есептік құжатты тапсыру туралы анықтама беруге осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініші ұсынылады.

Өтініш берушінің әскери билетін (шақыру учаскелеріне тіркеу туралы куәлігі) қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) алып қойған болса, әскери билеттің (шақыру учаскелеріне тіркеу туралы куәлігінің) қабылданғаны туралы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы (бөлімі) берген қолхат ұсынылады;

5) ата-анасымен не өзге де заңды өкілдерімен бірге кету туралы шешім қабылданған кезде он жасқа толған баланың пікірін есепке алу туралы қорғаншылық және қамқоршылық органдарының қорытындысы;

6) он сегіз жасқа толмаған Қазақстан Республикасының азаматтары ата-анасының бірімен (қамқоршысымен, қорғаншысымен) бірге тұрақты тұруға кететін кезде Қазақстан Республикасының аумағында тұратын ата-анасының екіншісінің нотариалды түрде расталған келісімі. Келісім болмаған кезде, кәмелетке толмаған баланың кетуі сот тәртібімен шешілуі мүмкін;

7) мемлекеттік баждың немесе консулдық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Азаматтардан басқа құжаттарды сұратуға жол берілмейді.

4. Қарастыруға ұсынылған осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген құжаттарға (бұдан әрі – құжаттар) қатысты шет елдегі мекеме осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қорытынды жасайды.

Өтініш берушінің отбасының әрбір мүшесіне жеке қорытынды жасалады.

5. Қорытындылар жасалғаннан кейін шет елдегі мекеме ұсынылған құжаттардың негізінде енгізілетін ақпараттың толық болуын қамтамасыз ете отырып, өтініш беруші туралы тиісті мәліметтерді «Бүркіт» бірыңғай ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – «Бүркіт» БАЖ) енгізеді.

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – Ұлттық қауіпсіздік комитеті) шет елдегі мекеме енгізген өтініш беруші туралы мәліметтерді «Бүркіт» БАЖ-да қарастыруды және келісуді жүзеге асырады. Шет елдегі мекеме «Бүркіт» БАЖ-да өтініш беруші туралы ақпараттың толық болуын қамтамасыз етпеген жағдайда, Ұлттық қауіпсіздік комитеті «Бүркіт» БАЖ-ға өтініш беруші туралы енгізілген мәліметтерді пысықтау қажеттілігі туралы жазбаны енгізеді.

Шет елдегі мекеме өтініш беруші туралы толық мәліметті «Бүркіт» БАЖ-ға енгізгеннен кейін Ұлттық қауіпсіздік комитеті 20 күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін кетуге рұқсатты ресімдеуді келісу немесе келісуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

7. Шет елдегі мекеме құжаттармен бірге қорытындыны Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті арқылы (бұдан әрі – Консулдық қызмет департаменті) өтініш берушінің Қазақстан Республикасындағы соңғы тіркелген жері бойынша ішкі істер органына (бұдан әрі – ішкі істер органы) жібереді.

8. Ішкі істер органы келіп түскен құжаттар мен қорытындыны қарастырып, өтініш берген сәтте Қазақстан Республикасының аумағында өтініш берушінің тұрақты тіркеуінің болуына қарамастан, Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін кетуге рұқсатты ресімдеу туралы немесе ресімдеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

9. Ішкі істер органы құжаттардың қарастырылу нәтижесі туралы шет елдегі мекемені Консулдық қызмет департаменті арқылы жазбаша хабардар етеді және сонымен бір мезгілде «Бүркіт» БАЖ-ға белгі енгізеді.

10. Ішкі істер органы Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін кетуге рұқсатты ресімдеген жағдайда, шет елдегі мекеме өтініш берушінің төлқұжатына осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін кетуге рұқсаттың ресімделгені туралы жазба енгізеді, ол консулдық лауазымды тұлғаның қолымен және мөрімен расталады.

11. Ұлттық қауіпсіздік комитеті ресімдеуді келісуден бас тартқан немесе ішкі істер органы Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін кетуге рұқсатты ресімдеуден бас тартқан жағдайда, шет елдегі мекеме өтініш берушіні хабардар етеді.

12. Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін кетуге рұқсатты ресімдеу туралы құжаттарды қарау мерзімі Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесіне құжаттарды берген күнінен бастап есептелінеді және Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен ішкі істер органдарында қаралу мерзімін қоса алғанда, үш айдан аспайды.

13. Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін кетуге рұқсат алған тұлғалардың есебі осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес, Қазақстан Республикасынан тыс жерге уақытша жұмыстармен шыққан және Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін кетуге рұқсат алған азаматтардың есебі жөніндегі жеке журналда жүргізіледі.

Қазақстан Республикасынан тыс жерге уақытша жұмыстармен шыққан және онда тұрақты тұру үшін қалуға тілек білдірген Қазақстан Республикасы азаматтарының құжаттарын қабылдау және жолдау қағидаларына 1-қосымша

Нысан

САУАЛНАМА – ӨТІНІШ

____
Т.А.Ә. (бар болған кезде)
____
егер басқа тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) болса, оларды көрсетіңіз
____
туған күні, айы, жылы және жері
____
тұрақты тұрғылықты жері

Қазақстан Республикасы азаматының паспорты № _____ __________ 20__ жыл
Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі № _____ __________ 20__ жыл
ЖСН ______________________________
Ұлты ______________________________
Телефондары: үй. __________ жұмыс __________ ұялы __________
____
(Қазақстан Республикасындағы соңғы тіркелген мекенжай көрсетілсін)

мекенжайы бойынша тіркеуден шығарып, маған
____
(мемлекет көрсетілсін)

Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін кетуге рұқсат ресімдеуді сұраймын

Өтініш берудің себебі:______________________________

Бір уақытта менің кәмелетке толмаған балаларыма Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін кетуге рұқсат ресімдеуді сұраймын

Т.А.Ә. (бар болған кезде)	Туған күні	Төлқұжат №

ЖАҚЫН ТУЫСТАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР
(ата-анасы, жұбайлары (оның ішінде бұрынғы), балалары)

Т.А.Ә. (бар болған кезде)	Туыстық дәрежесі (егер қайтыс болса қайтыс болғаны туралы куәлік қоса беру)	Туған жылы мен жері	Болу елі және тұрғылықты жерінің мекенжайы	Жұмыс орны	Неке (лерді) тіркеу орны тіркелген некесі (лері) бар адамдар үшін

СОҢҒЫ 5 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТІ

Түскен және босаған жылы	Кәсіп-орынның, мекеменің атауы	Кәсіп-орының, мекеменің мекенжайы	Жұмыс орны	Лауазымы	Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсаты бар/жоқ, оның ішінде бұрынғы жұмыс (қызмет) орындары бойынша

Сауалнама-өтініште көрінеу жалған деректер көрсеткен үшін жауапкершілік туралы ескертілдім (Негіз: «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы)

(Соңы 14-бетте)

(Соңы. Басы 13-бетте)

20 __ жылғы «_____» ______________________.
(өтініш берушінің қолы)

Ақпараттың жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін
20__ жылғы «_____» ______________________.
(өтініш берушінің қолы)

Сауалнама-өтініш 20 __ жылғы «______»___________ қабылданды.
____
(сауалнама-өтінішті қабылдаған консулдық лауазымды тұлғаның Т.А.Ә.
(бар болған кезде))

Қазақстан Республикасынан тыс жерге уақытша жұмыстармен шыққан және онда тұрақты тұру үшін қалуға тілек білдірген Қазақстан Республикасы азаматтарының құжаттарын қабылдау және жолдау қағидаларына 2-қосымша

Нысан

____
(облысы)
____
(ауданы (қаласы)
қорғаныс істері жөніндегі
басқармасының (бөлімінің)
бастығына

Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін кетуіне байланысты әскери есептен шығу және жеке әскери-есептік құжатты тапсыру туралы анықтамалар беруге өтініші

1. ______________________
(тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде)
2. ______________________
(туған күні, айы, жылы, жеке куәлігінің (төлқұжатының) №, жеке сәйкестендіру нөмірі)
3. ______________________
(туған жері – ауыл, кент, аудан, облыс)
4. ______________________
(отбасы жағдайы)
5. ______________________
(тұрғылықты (уақытша келген, тұратын) жері бойынша тіркелген мекенжайы)
6. ______________________
(соңғы жұмыс орны мен атқаратын лауазымы)

Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін кетуге байланысты әскери есептен шығу және жеке әскери-есептік құжатты тапсыру туралы анықтама беруіңізді сұраймын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді
пайдалануға келісемін.

____________ 20__жылғы «___»________ ________
(тегі және аты-жөнінің бас әріптері) (қолы)

Қазақстан Республикасынан тыс жерге уақытша жұмыстармен шыққан және онда тұрақты тұру үшін қалуға тілек білдірген Қазақстан Республикасы азаматтарының құжаттарын қабылдау және жолдау қағидаларына 3-қосымша

Нысан

«БЕКІТІЛДІ»
____
Қазақстан Республикасының қолы
Шет елдегі мекемесі Басшысы
(Т.А.Ә. (бар болған кезде))
м.о.

№_______ 20__ жылғы «___» ________

Қорытынды

______________ Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін кетуге рұқсат ресімдеу туралы азамат(ша)______________өтініші бойынша.
____
Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесіне ______________ Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін кетуге рұқсат ресімдеу туралы өтінішпен, ___________ туып өскен, _____ жылы туған ___________ өтініш білдірді.
______________ _____ жылы ______________ шықты.
______________ кетуге дейін______________
мекен-жайы бойынша тұрған.
Қазақстан Республикасында соңғы тіркелген орны: ______________
Қазақстан Республикасында соңғы жұмыс (оқу) орны: ______________
Қазақстан Республикасында тұратын жақын туыстары: ______________
Қазіргі уақытта ______________ мекен-жайы бойынша тұрады.
Өтініш берудің себебі: ______________
Баяндалғандарға байланысты, ______________ Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін кетуге рұқсат ресімдеу туралы азамат(ша) _________өтінішін қанағаттандыруды мүмкін деп есептейді.
Қосымша__________парақта, құжаттар ______________.

м.о.
____
(Құжатты жасаған консулдық лауазымды тұлғаның лауазымы мен Т.А.Ә.
(бар болған кезде))

Қазақстан Республикасынан тыс жерге уақытша жұмыстармен шыққан және онда тұрақты тұру үшін қалуға тілек білдірген Қазақстан Республикасы азаматтарының құжаттарын қабылдау және жолдау қағидаларына 4-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін кетуге рұқсаттың ресімделгені туралы жазба

______________ тұрғылықты тұруға кетуге
РҰҚСАТ ЕТІЛДІ
Выезд на постоянное место жительства в ______________
РАЗРЕШЕН

Негіздеме: 20___ жылғы «___»________ ___ № ______
______________ ІІД КҚП шешімі

Основание: Решение УМП ДВД ______________
№________ от «___»________ 20___ года

Консулдық лауазымды адам/
Консульское должностное лицо ______________
(қолы/подпись) м.о./м.п.

Қазақстан Республикасынан тыс жерге уақытша жұмыстармен шыққан және онда тұрақты тұру үшін қалуға тілек білдірген Қазақстан Республикасы азаматтарының құжаттарын қабылдау және жолдау қағидаларына 5-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасынан тыс жерге уақытша жұмыстармен шыққан және Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін кетуге рұқсат алған азаматтардың есебі жөніндегі журнал

№ р/с	Өтініш білдірген күні	Т.А.Ә. (бар болған кезде)	Туған күні және жері	ҚР-дағы мекен-жайы мен соңғы жұмыс (оқу) орны	Төлқұжаттың № қашан және кім берген	Жұбайының, кәмелетке толмаған балаларының Т.А.Ә. (бар болған кезде)	ҚР-дағы жақын туыстары, олардың мекен-жайы	Шетелдегі мекен-жайы	ҚР СІМ-ге сұраудың нөмірі мен күні	Консулдық алым	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 13 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16354 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 9 қаңтар №11-1-4/10 Астана қаласы

Шетелде Қазақстан Республикасы азаматтарының есебі мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**
1. Бекітілсін:
1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес «Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;
2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес «Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есептен алу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты.
2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті:
1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмесін күнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;
4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын;
5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің құқықтық сараптама басқармасына ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі Қ.ӘБДІРАХМАНОВ**

**«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика
министрі ___________ Т. Сүлейменов
2018 жылғы 16 қаңтар**

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2018 жылғы 9 қаңтардағы № 11-1-4/10 бұйрығына 1-қосымша

«Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).
2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.
3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:
1) жеке тұлғамен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 3 (үш) жұмыс күні;
2) көрсетілетін қызметті алушымен құжаттар топтамасын тапсыру үшін кезек күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 60 (алпыс) минут;
3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут.
5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы азаматының паспортына қосымша бет, есепке қою туралы анықтама (еркін нысанда жасалған) немесе осы мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 10-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.
7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті алушыларға тегін көрсетіледі.
8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі:
Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін.
Құжаттарды қабылдау көрсетілетін қызметті берушімен сағат 09:30-дан 12:30-ға дейін, ал мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру сағат 16:00-ден 17:00-ге дейін жүзеге асырылады. Сәрсенбі – қабылдамайтын күн.
Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.
9. Көрсетілетін қызметті алушы жеке өзі немесе оның заңды өкілі өкілдік етуге құзыреттілігін растайтын құжаттар ұсына отырып, көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:
1) Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке алу үшін:
еркін нысандағы өтініш;
жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі (түпнұсқасын салыстырып тексеру үшін);
«Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кетуге арналған құжаттарды ресімдеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 361 Қаулысына сәйкес ресімделген Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұруға шығу рұқсатының көшірмесі;
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке алу карточкасы;
2) Қазақстан Республикасынан тыс жерде уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке алу үшін:
еркін нысандағы өтініш;
жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі (түпнұсқасын салыстырып тексеру үшін);
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған Қазақстан Республикасынан тыс жерде уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке алу карточкасы.
Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде қағаз жеткізгіштегі өтініштің көшірмесіндегі қабылдау күні, қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және құжаттар топтамасын қабылдаған уақыты көрсетілген белгі оның қабылданғанын растау болып табылады.
Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады, бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжат қабылдаудан бас тартқаны туралы қолхат береді.
10. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден мынадай негіздер бойынша бас тартады:
1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;
2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі міндетін атқарушысының 2016 жылғы 14 маусымдағы № 11-1-2/263 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының есебін жүргізу қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14093 болып тіркелді) талаптарына сәйкес келмеуі.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші немесе Министрлік басшысының атына беріледі.
Шағым көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол, пошта арқылы жазбаша түрде немесе «электронды үкімет» веб-порталы арқылы беріледі.
Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.
Көрсетілген қызметті алушының шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), почта мекенжайы, шығыс нөмірі және уақыты көрсетіледі. Шағымда көрсетілетін қызметті алушының қолтаңбасы болу керек.
Көрсетілетін қызметті берушінің атына немесе Министрлікке келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қараудың нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі немесе көрсетілетін қызметті берушінің не Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.
Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.
Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.
12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіне алады.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің www.mfa.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.
14. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары www.mfa.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет» бөлімінде көрсетілген, мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының нөмірі – 1414, 8 800 080 7777.

«Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

нысан

Қазақстан Республикасы азаматының паспортына қосымша бет

**№ ______________ ТӨЛҚҰЖАТҚА ҚОСЫМША БЕТ
INSERT FOR PASSPORT**

Тегі
Surname ______________

Аты
Name ______________

Туған кезі/Date of birth ______________

«Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

нысан

____
(есепке қабылдаған Қазақстан Республикасының
шет елдегі мекемесінің атауы)
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНАН ТЫС ЖЕРДЕ ТҰРАҚТЫ ТҰРАТЫН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТАРЫН
ЕСЕПКЕ АЛУ КАРТОЧКАСЫ

Фото сурет орны

1. Тегі, аты, әкесінің аты (егер тегіңізді, атыңызды ауыстырсаңыз, пайдаланған барлық тектеріңізді атаңыз) ______________
2. Туған күні ______________
3. Туған жері ______________
4. Ұлты ______________
5. Білімі мен мамандығы, қашан және қандай оқу орнын бітірдіңіз _____
____
6. Шетелге шығудың мақсаты және күні ______________
7. Қазақстан Республикасында бұрынғы тұрғылықты мекенжайы ________
____
8. Шетелдегі тұрғылықты мекенжайы мен телефон нөмірі (e-mail)________
____
9. Жұмыс орны және атқаратын лауазымы ______________
____
10. Қазақстанда туыстарыңыз бар ма, олардың тектері мен мекенжайлары
____
11. Паспорттың нөмірі, қашан және кім берді, қолдану мерзімі ________
12. Паспортқа енгізілген адамдар ______________
13. Паспорттың мерзімін ұзарту және ауыстыру туралы белгілер ________
14. Жергілікті билік берген құжаттардың көшірмелері ______________
15. Ерекше белгілер ______________

Қолы ______________ 20___ жылғы «___» ______________

«Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша

нысан

____
(есепке қабылдаған Қазақстан Республикасының
шет елдегі мекемесінің атауы)
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНАН ТЫС ЖЕРДЕ УАҚЫТША ТҰРАТЫН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТАРЫН
ЕСЕПКЕ АЛУ КАРТОЧКАСЫ

Фото сурет орны

1. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда) (егер тегіңізді, атыңызды ауыстырсаңыз, пайдаланған барлық тектеріңізді атаңыз)______________
____
2. Туған жері және күні ______________
3. Паспорттың №, қашан және кім берді ______________
4. Паспорттың қолдану мерзімі және ұзарту туралы белгілер ___________
____
5. Паспортқа енгізілген адамдар ______________
____
6. Болу елдері визаларының жарамдылығы немесе рұқсат мерзімі ________
____
7. Сапардың мақсаты: ______________
8. Жұмыс, оқу, тағлымдамадан өту және тағы басқа ______________
9. Тұрғылықты жерінің мекенжайы және телефон нөмірі ______________
10. Қазақстан Республикасындағы тұрақты тұрғылықты мекенжайы
____
11. Ерекше белгілер ______________

Қолы ______________ 20___ жылғы «___» ______________

«Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымша

нысан

____
(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты,
әкесінің аты (болған жағдайда) немесе ұйымының атауы
____
(көрсетілетін қызмет алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының ______________ Елшілігінің Консулдық бөлімі (мекенжайы көрсетілсін) мемлекеттік қызметтер көрсетуге (мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің атауы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартына сәйкес көрсетілсін) құжаттарды қабылдаудан Сіз мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын, атап айтқанда:
Жоқ құжаттардың атауы:
1)______________;
2)______________;
3) ....
ұсынбауыңызға байланысты құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әр бір тарап үшін бір-бірден екі данада жасалды.
____
(көрсетілетін қызметті берушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Орындаушы: тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) ______________
Телефоны __________
Алдым: тегі, аты, әкесінің аты
(болған жағдайда)/көрсетілетін қызметті алушының қолы______________

20__ жылғы «___» ___________

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2018 жылғы 9 қаңтардағы № 11-1-4/10 бұйрығына 2-қосымша

«Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есептен алу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есептен алу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).
2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.
3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрлік және Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:
1) жеке тұлғамен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 3 (үш) жұмыс күні;
2) көрсетілетін қызметті алушымен құжаттар топтамасын тапсыру үшін кезек күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 60 (алпыс) минут;
3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут.
5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – Қазақстан Республикасының азаматтарын есептен шығарылғаны туралы жазба немесе осы мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 10-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.
7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті алушыларға тегін көрсетіледі.
8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі:
Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін.
Құжаттарды қабылдау көрсетілетін қызметті берушімен сағат 09:30-дан 12:30-ға дейін, ал мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру сағат 16:00-ден 17:00-ге дейін жүзеге асырылады. Сәрсенбі – қабылдамайтын күн.
Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.
9. Көрсетілетін қызметті алушы жеке өзі немесе оның заңды өкілі өкілдік етуге құзыреттілігін растайтын құжаттар ұсына отырып, көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:
1) еркін нысандағы өтініш және/немесе Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі міндетін атқарушысының 2016 жылғы 14 маусымдағы № 11-1-2/263 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының есебін жүргізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14093 болып тіркелді) 17-тармағында көзделген жағдайлардың болу фактісін дәлелдейтін басқа құжат (болған жағдайда).
2) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі (түпнұсқасын салыстырып тексеру үшін);
3) есепке қою мөрі бар Қазақстан Республикасы азаматының паспортына қосымша бет (Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары үшін).
Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде қағаз жеткізгіштегі өтініштің көшірмесіндегі қабылдау күні, қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және құжаттар топтамасын қабылдаған уақыты көрсетілген белгі оның қабылданғанын растау болып табылады.
Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады, бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжат қабылдаудан бас тартқаны туралы қолхат береді.
10. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден мынадай негіздер бойынша бас тартады:
1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;
2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректердің және мәліметтердің Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеуі.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.
Шағым көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол, пошта арқылы жазбаша түрде немесе «электронды үкімет» веб-порталы арқылы беріледі.
Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.
Көрсетілген қызметті алушының шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), почта мекенжайы, шығыс нөмірі және уақыты көрсетіледі. Шағымда көрсетілетін қызметті алушының қолтаңбасы болу керек.
Көрсетілетін қызметті берушінің атына немесе Министрлікке келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қараудың нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.
Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.
Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.
12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіне алады.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің www.mfa.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.
14. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары www.mfa.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет» бөлімінде көрсетілген, мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының нөмірі – 1414, 8 800 080 7777.

«Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есептен алу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша

нысан

____
(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің
аты (болған жағдайда) немесе ұйымының атауы
____
(көрсетілетін қызмет алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының ______________ Елшілігінің Консулдық бөлімі (мекенжайы көрсетілсін) мемлекеттік қызметтер көрсетуге (мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің атауы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартына сәйкес көрсетілсін) құжаттарды қабылдаудан Сіз мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын, атап айтқанда:
Жоқ құжаттардың атауы:
1)______________;
2)______________;
3) ....
ұсынбауыңызға байланысты құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әр бір тарап үшін бір-бірден екі данада жасалды.
____
(көрсетілетін қызметті берушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Орындаушы: тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) ______________
Телефоны __________
Алдым: тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/көрсетілетін қызметті алушының қолы______________

20__ жылғы «___» ___________

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16296 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 17 қаңтар №11-1-4/18 Астана қаласы

«Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге уәкілетті адамдарды іссапарға жіберу мақсатында «Шетелдік іссапарлар» бағдарламасы және «Сыртқы саяси қызметтерді үйлестіру жөніндегі қызметтер», «Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау» мен «Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және нақты қорғалуын қамтамасыз ету» бағдарламаларының 162 ерекшелігі бойынша республикалық бюджетте көзделген қаражатты пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2013 жылғы 9 сәуірдегі № 08-1-1-1/114 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1118 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі туралы ереженің 16-тармағы 48) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**
1. «Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге уәкілетті адамдарды іссапарға жіберу мақсатында республикалық бюджетте «Шетелдік іссапарлар» бағдарламасы және «Сыртқы саяси қызметтерді үйлестіру жөніндегі қызметтер», «Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау» мен «Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және нақты қорғалуын қамтамасыз ету» бағдарламаларының 162 ерекшелігі бойынша көзделген қаражатты пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2013 жылғы 9 сәуірдегі № 08-1-1-1/114 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8438 болып тіркелген, 2013 жылы 19 маусымдағы № 151 (28090) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:
орыс тіліндегі мәтін өзгермейді, қазақ тіліндегі атауы мынадай редакцияда жазылсын;
«Уәкілетті адамдарды Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге іссапарға жіберу мақсатында «Шетелдік іссапарлар» бағдарламасы және «Сыртқы саяси қызметтерді үйлестіру жөніндегі қызметтер», «Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау» және «Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және физикалық қорғалуын қамтамасыз ету» бағдарламаларының 162-ерекшелігі бойынша республикалық бюджетте көзделген қаражатты пайдалану қағидаларын бекіту туралы»;
1-тармақтың мәтіні орыс тілінде өзгермейді, қазақ тілінде мынадай редакцияда жазылсын;
«Уәкілетті адамдарды Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге іссапарға жіберу мақсатында «Шетелдік іссапарлар» бағдарламасы және «Сыртқы саяси қызметтерді үйлестіру жөніндегі қызметтер», «Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау» және «Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және физикалық қорғалуын қамтамасыз ету» бағдарламаларының 162-ерекшелігі бойынша республикалық бюджетте көзделген қаражатты пайдалану қағидалары бекітілсін.»;
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге уәкілетті адамдарды іссапарға жіберу мақсатында «Шетелдік іссапарлар» бағдарламасы және «Сыртқы саяси қызметтерді үйлестіру жөніндегі қызметтер», «Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау» мен «Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және нақты қорғалуын қамтамасыз ету» бағдарламаларының 162-ерекшелігі бойынша республикалық бюджетте көзделген қаражатты пайдалану қағидаларында:
орыс тіліндегі мәтін өзгермейді, қазақ тіліндегі атауы мынадай редакцияда жазылсын;
«Уәкілетті адамдарды Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге іссапарға жіберу мақсатында «Шетелдік іссапарлар» бағдарламасы
және «Сыртқы саяси қызметтерді үйлестіру жөніндегі қызметтер», «Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау» және «Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және физикалық қорғалуын қамтамасыз ету» бағдарламаларының 162-ерекшелігі бойынша республикалық бюджетте көзделген қаражатты пайдалану қағидалары»;
1-тармақта қазақ тіліндегі мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді;
«1. Уәкілетті адамдарды Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге іссапарға жіберу мақсатында «Шетелдік іссапарлар» бағдарламасы және «Сыртқы саяси қызметтерді үйлестіру жөніндегі қызметтер», «Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау» және «Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және физикалық қорғалуын қамтамасыз ету» бағдарламаларының 162-ерекшелігі бойынша (бұдан әрі - Қағидалар) республикалық бюджетте «Шетелдік іссапарлар» бағдарламасы және «Сыртқы саяси әрекеттерді үйлестіру жөніндегі қызметтер», «Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау» мен «Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және нақты қорғалуын қамтамасыз ету» бағдарламаларының 162-ерекшелігі бойынша осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген шет елге жіберілетін адамдарды іссапарға жіберу үшін көзделген қаражатты пайдалану тәртібін белгілейді.»
4, 5, 6, 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
«4. Кассалық және банктік операцияларды жүргізу мемлекеттік мекеменің кассасында қолма-қол ақша қалдығының күнделікті лимитін және кассада қолма-қол ақшаның сақталу мерзімін белгілейтін нормаларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) (бұдан әрі - Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету қағидасы), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6443 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 22 тамыздағы № 423 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидаларына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7197 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрі міндетін атқарушының 2011 жылғы 2 тамыздағы № 390 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7126 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.
5. Осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген адамдармен (бұдан әрі – іссапарға жіберілген адам) есеп айырысу бойынша бөлінген қаражатты айырбастауды қамтамасыз ету үшін Сыртқы істер министрлігі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда қолма-қол және қолма-қол емес есеп айырысу үшін шетел валютасында шот ашады.
6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Астана қаласы бойынша Қазынашылық департаменті (бұдан әрі - Астана қаласы Қазынашылық департаменті) Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларына сәйкес бөлінген қаражаттың конвертациясын жүргізеді.
7. Сыртқы істер министрлігі Астана қаласы бойынша Қазынашылық департаментіне ағымдағы жартыжылдықтың соңғы айының 10-нан кешіктірмейтін мерзімде айларға бөле отырып, алдағы жартыжылдыққа арналған шетел валютасында қолма-қол ақшаның қажетті сомасы туралы өтінім ұсынады.»;
12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«12. Сыртқы істер министрлігі іссапар шығыстарын төлеуге арналған қаражатты бөлу туралы келіп түскен өтінішті:
1) ағымдағы жылы бюджеттік бағдарламалар шеңберінде тиісті мемлекеттік органның қатысуымен жоспарланған іс-шараларды;
2) ағымдағы жылға арналған республикалық бюджетте көзделген бюджет қаражатының көлемін;
3) мемлекеттік орган ұсынатын іс-шараға қатысудың сыртқы саяси орындылығын ескере отырып қарастырады.
Өтінішті караудың қорытындылары бойынша Сыртқы істер министрлігі бес жұмыс күні ішінде іссапар шығыстарын төлеуге қаражат бөлу туралы шешім қабылдайды.
Іссапар шығыстарына арналған қаражатты беру іссапарға жіберілетін адамды ресімдеу күні Сыртқы істер министрлігінің кассасында немесе іссапарға жіберілетін адамды ресімдеу күнінен кейін бес жұмыс күні ішінде банктік картаға аудару арқылы жүргізіледі.»;
14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«14. Қаражат бөлу туралы қабылданған шешім негізінде Сыртқы істер министрлігі қолма-қол шетел валютасын алу үшін Сыртқы істер министрлігінің қызметкеріне Астана қаласы бойынша Қазынашылық департаментінде ресімдеуге арналған сенімхат береді.
Сенімхат бір жұмыс күні мерзіміне беріледі, оған Сыртқы істер министрлігінің Жауапты хатшысы және бас бухгалтері қол қояды.
Астана қаласы бойынша Қазынашылық департаменті Сыртқы істер министрлігінің сенімхатында көрсетілген уәкілетті адамға бір жұмыс күні мерзіміне Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Орталық филиалында қолма-қол шетел валютасын алуға сенімхат береді.
Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Орталық филиалы Сыртқы істер министрлігінің уәкілетті адамына Сыртқы істер министрлігінің хатында көрсетілген, мәлімделген сомаға сәйкес қолма-қол шетел валютасын береді. Сыртқы істер министрлігінің хаты еркін нысанда жасалады және қолма-қол шетел валютасын алудың жоспарланған күніне дейін 2 жұмыс күні бұрын Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Орталық филиалына ұсынылады.
Сыртқы істер министрлігі өзінің кассасында сенімхат бойынша алған қолма-қол шетел валютасын қаржыландырудың бекітілген айлық жоспарының шегінде сақтайды. Сыртқы істер министрлігінің кассасындағы қолма-қол шетел валютасының күн сайынғы лимиті ағымдағы айға арналған қаржыландыру жоспарында көзделген сомадан аспауы тиіс.»;
16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«16. Іссапарға жіберілген адамдарға Сыртқы істер министрлігінің шешіміне сәйкес мынадай:
1) іссапар мерзіміне арналған тәуліктік;
2) баратын межелі орнына және кері жол жүру жөніндегі шығыстарға (такси қызметі төленбейді);
3) тұрғын үй-жайды жалға алу жөніндегі, оның ішінде межелі пунктке кірер алдындағы келу пункттердегі шығыстарға;
4) Сыртқы істер министрлігінің Жауапты хатшысымен жазбаша келісілгеннен кейін билетті қайтару/айырбастау айыппұлына (іссапар кейінге қалдырылған немесе ауыстырылған, ауырған кезде, басқа да форс-мажорлық жағдайларда);
5) валютаны айырбастағаны үшін комиссиялық алымдарға;
6) түбіртекке немесе чекке сәйкес визаны ресімдеу үшін консулдық алымдарға;
7) Астана қаласында шет мемлекеттің дипломатиялық өкілдігі немесе визаны ресімдеуге уәкілетті консулдық мекемесі болмаған жағдайда түбіртекке немесе чекке сәйкес визаны ресімдеу үшін сервистік алымдарға;
8) Сыртқы істер министрлігінің Жауапты хатшысымен жазбаша келісілгеннен кейін түбіртекке немесе чекке сәйкес визаны ресімдеуді жеделдеткені үшін алымдарға іссапар шығыстарын төлеуге қаражат бөлінеді.
Егер қабылдаушы тарап осы тармақта көрсетілген қандай да бір іссапар шығыстарын өзінің есебінен төлейтін болса, белгіленген нормалардың 30 (отыз) пайызы мөлшерінде бөлінетін тәуліктікті қоспағанда, тиісті іссапар шығыстарын төлеуге қаражат бөлінбейді.
Іссапар шығыстары «Мемлекеттік қызметшілерге республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қызметтік шетелдік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 ақпандағы № 108 қаулысымен бекітілген нормаларға сәйкес өтеледі. Қонақүйде тұру шығыстары нақты шығындар бойынша төленетін адамдарға белгіленген нормалардан асып кеткен жағдайда, растайтын құжаттарды ұсынған кезде өтеу жүргізіледі.
Мақсаты Қазақстан Республикасының мүдделерін халықаралық төреліктерде, шетелдік соттарда және шетелдік мемлекеттік органдарда қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа қатысу болып табылатын жағдайда, іссапар мерзімі 41 күннен 180 күнтізбелік күнге дейін болса, стандарт сыныптамасы бойынша қонақүйдің бір орындық нөмірінің құнына 0,5 коэффициентін есепке ала отырып, тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстарды өтеу нормалары (тәулігіне бір адамға) қолданылады.»;
18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«18. Іссапарға жіберілген адамдар шетелге іссапарға жол жүрген кезде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен күн және Қазақстан Республикасына қайтқан кезде Қазақстан Республикасына келер алдында шет мемлекеттің Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен күн іссапар мерзіміне қосылады.
Егер Қазақстан Республикасынан ұшып шығу (кету) жол жүру құжатына сәйкес ағымдағы тәуліктің сағат 21:00-ден кеш жүзеге асырылған жағдайда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен күн іссапар мерзіміне қосылмайды.
Егер шет мемлекеттен ұшып шығу (кету) жол жүру құжаттарына сәйкес ағымдағы тәуліктердің 00:00 - 03:00 сағаттары аралығында жүзеге асырылған болса, Қазақстан Республикасына кіру алдындағы шет мемлекеттің шекарасын кесіп өту күні іссапар мерзіміне енгізілмейді.
Іссапарға жіберілген адамдардың мемлекеттік шекараларды кесіп өткен күндері уәкілетті органдардың төлқұжаттағы белгілері бойынша айқындалады. Егер іссапарға жіберілген адамдардың құжаттарына мемлекеттік шекараны кесіп өткені туралы уәкілетті мемлекеттік орган белгі қоймаған болса, мемлекеттік шекараны кесіп өткен күн іссапарлық куәлігіндегі белгілер бойынша айқындалады.»;
22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«22. Іссапар шығыстарын төлеуге бөлінген қаражатты үшінші адам (бұдан әрі – есеп беретін адам) алған жағдайда, заңнамада белгіленген тәртіппен расталған сенімхат ұсыну қажет. Сенімхат мемлекеттік органның бірінші басшысының немесе орталық атқарушы органның жауапты хатшысының (орталық атқарушы органның бірінші басшысының, жауапты хатшысының өкілеттігі жүктелген лауазымды адамның немесе осыған уәкілетті басқа адамның) және мемлекеттік органның бас (аға) бухгалтерінің қолы қойылған мемлекеттік органның ресми бланкісінде беріледі.
Іссапар шығыстарын төлеуге арналған қаражатты іссапарға жіберілген немесе есеп беретін адамға бөлу осы іссапарға жіберілген адамның іссапар шығыстарын төлеуге бұрын бөлінген қаражаты бойынша осы Ереженің 24-тармағында көзделген құжаттарды тапсырған жағдайда ғана жүргізіледі.»;
24, 24-1, 25-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
«24. Іссапар мерзімі аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде іссапарға жіберілген немесе есеп беретін адамдар Сыртқы істер министрлігінің қаражатты бөлуге жауапты құрылымдық бөлімшесіне мынадай құжаттарды:
1) паспорттың көшірмесін (2-беттің және мемлекеттік шекараларды кесіп өткендігі туралы белгілері анық көрінетін беттің (тердің) толық көшірмелері);
шекараны кесіп өткендігі туралы белгілері паспортта болмаған жағдайда, іссапарға жіберілген адамның жұмыс орны бойынша және қабылдаушы ұйымының кадрлық қызметінің белгілері бар іссапар куәлігінің көшірмесін;
2) жол жүру құжаттарын:
шот-фактурасы (инвойс) мен фискалдық чекі (арнайы рейспен жол жүрген жағдайда талап етілмейді) міндетті түрде қоса тіркелген, межелі орнына бару және кері қарай жол жүру билеттерін;
вокзалдан, әуежайдан, кемежайдан және кері қарай көпшілік пайдаланатын көлікпен соңғы пунктіге дейінге жол жүру құжаттарын;
әуежайлар әкімшіліктері көздеген жағдайда, әкімшілік алымдарды төлеу жөніндегі түбіртектерді;
бар болған жағдайда билетті қайтарғаны/алмастырғаны үшін айыппұл төлегенін растайтын құжаттарын;
электрондық авиабилетті ұсынған жағдайда қоса салынған отырғызу талондары мен авиабилеттің құнын төлегендігін растайтын құжаттарын;
жол жүру билеттерін, отырғызу таллондарын немесе билетті қайтарғаны/алмастырғаны үшін айыппұл төлегендігін растайтын құжаттарды жоғалтқан жағдайда, аталған құжаттарды берген ұйымның жазбаша растаухатын;
транзиттік елде 12 сағаттан артық болған жағдайда, авиабилетті берген авиакомпанияның немесе ұйымның транзиттік елге келген сәтінен бастап жақын уақыттағы 12 сағатта іссапардың әрі қарай бағыты бойынша рейске авиабилеттің немесе рейстің жоқ екендігі туралы хатын (анықтамасын);
3) валюта айырбастау операциясы кезінде алынған валюта айырбастаудың бағамы мен күні көрсетілген құжаттарын ұсынады.
Осы тармақта көзделген құжаттарды іссапарға жіберілген адамның немесе есеп беретін адамның таңдауы бойынша қағаз түрінде не электронды нысанда ұсынуға болады.
Осы тармақта көзделген құжаттардың электрондық көшірмелері іссапарға жіберілген немесе есеп беретін адамның электронды цифрлық қолтаңбасымен расталады.
24-1. Сыртқы істер министрлігінің қаражаттты бөлуге жауапты құрылымдық бөлімшесі осы Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген құжаттарды қарағаннан кейін осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес нысан бойынша аванстық есепті жасайды.
Осы Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген құжаттарды электронды нысанда ұсынған жағдайда, Сыртқы істер министрлігінің қаражаттарды бөлуге жауапты құрылымдық бөлімшесі іссапар шығындарын төлеуге бөлінген қаражатты пайдалану туралы аванстық есепті электронды нысанда жасайды және іссапарға жіберілген немесе есеп беретін адамға қол қоюға жібереді.
Сыртқы істер министрлігінің қаражаттарды бөлуге жауапты құрылымдық бөлімшесі қол қойылған аванстық есептің және қағаз түрінде қоса берілген құжаттардың көшірмесін жасайды.
25. Іссапар шығыстарын төлеуге бөлінген пайдаланылмаған қаражаттың қалдығын іссапарға жіберілген немесе есеп беруші адам іссапар мерзімі аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Сыртқы істер министрлігінің кассасына немесе бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органдағы шотына шетел валютасында қайтаруы тиіс.»;
көрсетілген Қағидаларға қосымша осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Валюта-қаржы департаменті;
1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;
3) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жолдауды;
4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің интернет - ресурсында орналастырылуын;
5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Құқықтық сараптама басқармасына осы тармақтың 1), 2), 3)

(Соңы 15-бетте)

(Соңы. Басы 14-бетте)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтер беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Жауапты хатшысы А.Б. Қарашевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
міндетін атқарушы М.ТІЛЕУБЕРДІ

«КЕЛІСІЛДІ» **Қазақстан Республикасының** **Қаржы министрі** **Б. Сұлтанов_______________** **2018 жылғы 17 қаңтар**	**«КЕЛІСІЛДІ»** **Қазақстан Республикасының** **Ұлттық Банк төрағасы** **Д. Ақышев _______________** **2018 жылғы 24 қаңтар**

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2018 жылғы 17 қаңтардағы №11-1-4/18 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге уәкілетті адамдарды іссапарға жіберу мақсатында республикалық бюджетте «Шетелдік іссапарлар» бағдарламасы және «Сыртқы саяси қызметтерді үйлестіру жөніндегі қызметтер», «Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау» мен «Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және нақты қорғалуын қамтамасыз ету» бағдарламаларының 162 ерекшелігі бойынша көзделген қаражатты пайдалану қағидаларына қосымша

Нысан

___________ сомасына (АҚШ доллары немесе еуро)
Аванстық есеп
«Бекітемін»
Қазақстан Республикасы Сыртқы
істер министрлігінің
Жауапты хатшысы
Жүргізілген шығыстардың
орындылығын растаймын
____
(қолы)
күні «___» _______20___жыл

Аванстық есеп № _____________ «___» __________20____жыл
20____жыл ______№ ___________
негіздеме

Іссапарға жіберілушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)________
Есеп берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _______________
Іссапар мерзімі ____
Бағдарлама ____
Ерекшелік ____
Елдің атауы ____
Валютаның атауы ____
Валютадағы операцияның атауы 1евро/АҚШ доллары үшін теңгенің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банктегі бағамы теңгедегі баламасы
____
20____жыл________________ қарызы
№ шығыс кассалық ордері бойынша _________________________алынды.
Барлығы ____алынды
Шығыстар ____
20______жыл ______________ № сметасы бойынша қалдық ______________
Оның ішінде авиабилеттер:
Мынадай сомаға: есеп берді.

Корреспонденттік субшот		Сома
Дебет	Кредит	
1	2	3

____
іссапарға жіберілген адамның/есеп берушінің қолы
Күні _______________________________________
Аванстық есепті қабылдаған ______________________________
Аванстық есепті тексерген _______________________________
Басқарма басшысы ___________________________________
____
Аванстық есеп іссапар аяқталғаннан кейін үш күннен кешіктірілмей ұсынылады
парақтың сыртқы беті

Шығындарды толық таратып көрсету (шетел валютасында)

Іссапарға жіберілген адам	Шығыстар түрі	Ескерту	сома
Барлығы			

____
іссапарға жіберілген адамның/есеп берушінің қолы
____
барлық есептерге растаушы құжаттар қоса беріледі

Өкілдік шығыстар Қазақстан Республикасының Президенті Кеңсесі Бастығының, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесі Басшысы орынбасарының, Сыртқы істер министрлігінің Жауапты хатшысының, Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы төрағасының немесе мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын жіберген кезде өкілеттік берілген адамның қолы елтаңбалық мөрмен расталған актіге сәйкес есептен шығарылады

Ескерту
Қосымша төленді:

Іссапарға жіберілген адам	Шығыстар түрі	Авиабилет нөмірі	Сома	Жеңілдік	Сома
Барлығы					

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 12 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16335 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 7 ақпан №11-1-4/38 Астана қаласы

«Қайтып оралуға куәлікті ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**

1. Қоса беріліп отырған «Қайтып оралуға куәлікті ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмесін күнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Құқықтық сараптама басқармасына ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі Қ.ӘБДІРАХМАНОВ

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2018 жылғы 7 ақпандағы № 11-1-4/38 бұйрығымен бекітілді

«Қайтып оралуға куәлікті ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері «Қайтып оралуға куәлікті ресімдеу» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 11-1-2/422 бұйрығымен бекітілген «Қайтып оралуға куәлікті ресімдеу» мемлекеттік қызмет стандарты (нормативтік – құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15899 болып тіркелген) (бұдан әрі – Стандарт) негізінде (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді көрсетілетін қызметті беруші жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – жеке тұлғаның (бұдан әрі – қызмет алушы) қайтып оралуға куәлігі туралы «Қайтып оралуға арналған куәлікті ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидалары мен қайтып оралуға арналған куәліктің үлгісі мен оны қорғауға қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 қыркүйектегі № 926 қаулысымен белгіленген нысан бойынша не Стандарттың 10-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Көрсетілетін қызметті алушының не оның өкілдікке өкілеттігін растайтын құжаттары ұсынылған заңды өкілінің өтінішінің болуы мемлекеттік қызметті көрсету рәсімінің (іс-қимылының) басталуына негіз болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың), мазмұны келесі рәсімдерден тұрады:

жеке басты куәландыратын құжаттардың бірінің төлнұсқасы болған жағдайда:

1-рәсім (іс-қимыл) – көрсетілетін қызметті көрсетушінің құжаттарды қабылдауы, қарауы, тексеруі – 1 жұмыс күні;

2-рәсім (іс-қимыл) – қайтып оралуға куәлікті ресімдеу және қызметті алушыға беру немесе Стандарттың 10-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап – 1 жұмыс күні;

жеке басты куәландыратын құжаттардың бірінің түпнұсқасы болмаған жағдайда:

1-рәсім (іс-қимыл) – көрсетілетін қызметті көрсетушінің құжаттарды қабылдауы, қарауы, тексеруі – 1 жұмыс күні;

2-рәсім (іс-қимыл) – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне (бұдан әрі – ІІМ) жазбаша сұрау жолдау – 2 жұмыс күні;

3-рәсім (іс-қимыл) – құжаттарды қарастыру, көрсетілетін қызметті алушының өтінішін қарастыру нәтижесі туралы хатты дайындау және оны одан әрі жүзеге асыратын ІІМ-ге қызметті көрсетушіге жолдау – 5 жұмыс күні;

4-рәсім (іс-қимыл) – көрсетілетін қызметті алушының қайтып оралуына куәлікті ресімдеу мен беру немесе Стандарттың 10-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап – 2 жұмыс күні.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің нәтижесі келесі рәсімдердің (іс-қимылды) орындаудың басталуына негіз болады:

жеке басты куәландыратын құжаттардың бірінің төлнұсқасы болған жағдайда:

1-рәсім (іс-қимыл) бойынша – өтініштің көшірмесіне құжаттардың қабылданғаны туралы белгі қою;

2-рәсім (іс-қимыл) бойынша – қайтып оралуға куәлікті беру немесе Стандарттың 10-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап;

жеке басты куәландыратын құжаттардың бірінің төлнұсқасы болмаған жағдайда:

1-рәсім (іс-қимыл) бойынша – өтініштің көшірмесіне құжаттардың қабылданғаны туралы белгі қою;

2-рәсім (іс-қимыл) бойынша – көрсетілетін қызметті көрсетушінің ІІМ-ге ілеспе хаты;

3-рәсім (іс-қимыл) бойынша – ІІМ-нің көрсетілетін қызметті көрсетішуге ілеспе хаты;

4-рәсім (іс-қимыл) бойынша – қайтып оралуға куәлікті беру немесе Стандарттың 10-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібінде көрсетіледі.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті көрсетушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

8. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын тұлғалар:

1) көрсетілетін қызметті көрсетуші консулдық лауазымды тұлға;

2) ІІМ-нің лауазымды тұлғасы қатысады.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті рәсімдердің (іс-қимылдардың) сипаттамасы:

жеке басты куәландыратын құжаттардың бірінің төлнұсқасы болған жағдайда:

көрсетілетін қызметті көрсетуші консулдық лауазымды тұлға ұсынылған құжаттардың қабылдауды, қарастыруды және тексеруді Стандарттың 9-тармағына сәйкестігін жүзеге асырады – 1 жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті көрсетуші консулдық лауазымды тұлға қызмет алушыға «Қайтып оралуға арналған куәлікті» ресімдейді және береді.

Жеке басын куәландыратын құжаттардың бірі жоқ болған жағдайда:

көрсетілетін қызметті көрсетуші консулдық лауазымды тұлға құжаттардың қабылдауын, қарастырылуын және тексерілуін Стандарттың 9-тармағына сәйкестігін, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің берілуімен жүзеге асырады – 1 жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті берушінің консулдық лауазымды тұлғасы ІІМ-не жазбаша сұрау жолдайды – 2 жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті көрсетуші ІІМ-нің лауазымды тұлғасы келіп түскен құжаттарды қарастырып және қарастыру нәтижесіне орай құжаттарды дайындап, ІІМ-нің лауазымды тұлғасы көрсетілетін қызметті көрсетушіге жолдайды – 5 жұмыс күні;

ІІМ-нен келіп түскен хат негізінде көрсетілетін қызметті көрсетуші консулдық лауазымды тұлға Қайтып оралуға арналған куәлікті рәсімдейді және қызметті алушыға береді 2 – жұмыс күні.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) реті, көрсетілетін қызметті көрсетушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы осы Регламенттің қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

«Қайтып оралуға куәлікті ресімдеу» мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы

Жеке басты куәландыратын құжаттардың бірінің төлнұсқасы болған кезде



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
- қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) (құрылымдық-функционалдық бірлік) атауы;
- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

Жеке басты куәландыратын құжаттардың бірінің төлнұсқасы болмаған кезде



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
- қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) (құрылымдық-функционалдық бірлік) атауы;
- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 20 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16401 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 8 желтоқсан №823 Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес **бұйырамын:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастан күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде қағаз және электрондық түрде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолдауды;

4) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары полиция полковнигі Ж.Қ. Сүлейменовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі
полиция генерал-полковнигі Қ.ҚАСЫМОВ

«КЕЛІСІЛДІ» **Қазақстан Республикасының** **Білім және ғылым министрі** **________________Е. Сағадиев** **2017 жылғы 25 желтоқсан**	**«КЕЛІСІЛДІ»** **Қазақстан Республикасының** **Денсаулық сақтау министрі** **________________Е. Біртанов** **2018 жылғы 16 қаңтар**
«КЕЛІСІЛДІ» **Қазақстан Республикасының** **Қаржы министрі** **________________Б. Сұлтанов** **2017 жылғы 28 желтоқсан**	**«КЕЛІСІЛДІ»** **Қазақстан Республикасының** **Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы** **_______________К. Мәсімов** **2018 жылғы 27 қаңтар**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №823 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің күші жойылған деп танылатын кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. «Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күресте Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 690 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7558 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында 2012 жылғы 24 шілдеде жарияланған).

2. «Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күресте Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 690 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 330 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11693 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 5 тамызда жарияланған).

3. «Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күресте Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 690 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 19 мамырдағы № 526 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13912 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 21 шілдеде жарияланған).

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 12 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16333 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ СТАТИСТИКА КОМИТЕТІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 6 қараша №156 Астана қаласы

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, байланыс статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі №1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 260) тармақшасына сәйкес **бұйырамын**:

1. Мыналар:

1) «Кәсіпорындарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану туралы есеп» (коды 291112205, индексі 3-ақпарат, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) «Кәсіпорындарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану туралы есеп» (коды 291112205, индексі 3-ақпарат, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) «Үй шаруашылығын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануы туралы зерттеу сауалнамасы» (коды 292112057, индексі Н-020, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) «Үй шаруашылығын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануы туралы зерттеу сауалнамасы» (коды 292112057, индексі Н-020, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

5) «Пошта және курьерлік қызметтің қызмет көрсетулері туралы есеп» (коды 191112133, индексі 1-байланыс, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес;

6) «Пошта және курьерлік қызметтің қызмет көрсетулері туралы есеп» (коды 191112133, индексі 1-байланыс, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес;

7) «Байланыс қызметтері туралы есеп» (коды 191112183, индексі 2-байланыс, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес;

8) «Байланыс қызметтері туралы есеп» (коды 191112183, индексі 2-байланыс, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес;

9) «Пошталық және курьерлік қызмет және байланыс қызметтері туралы есеп» (коды 191101207, индексі 3-байланыс, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес;

10) «Пошталық және курьерлік қызмет және байланыс қызметтері туралы есеп» (коды 191101207, индексі 3-байланыс, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 10 тамыздағы № 158 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14233 болып тіркелген, 2016 жылы 24 қазанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) «Байланыс статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 30 қарашадағы № 284 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14616 болып тіркелген, 2017 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы Н.АЙДАПКЕЛОВ

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі Д. Абаев _____________
2017 жылғы 14 қараша

Мемлекеттік статистика органдары құпиялығына кепілдік береді Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики	**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 6 қарашадағы № 156 бұйрығына 1-қосымша**
Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения	Приложение 1 к приказу Председателя Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 6 ноября 2017 года № 156

Аумақтық статистика органына ұсынылады
Представляется территориальному органу статистики

Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз) Время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)					
1 сағатқа дейін до 1 часа	1-2	2-4	4-8	8-40	**40 сағаттан артық** более 40 часов

Статистикалық нысан www.stat.gov.kz интернет-ресурсына орналастырылған
Статистическая форма размещена на интернет-ресурсе www.stat.gov.kz

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады
Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях»

Статистикалық нысан коды 291112205
Код статистической формы 291112205

3-ақпарат
3-информ

Кәсіпорындарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану туралы есеп
Отчет об использовании информационно-коммуникационных технологий на предприятиях

Жылдық Годовая — **Есепті кезең** Отчетный период ☐☐☐☐ **жыл** год

Экономикалық қызмет түрлері Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 01-03, 05-09, 10-33, 35, 36-39, 41-43, 45-47, 49-53, 55, 56, 58-63, 64.19, 64.92, 65, 68-74, 77-82, 86, 90, 93, 95.1, 96.04 кодтарына сәйкес саны 100 адамнан асатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, сондай-ақ ЭҚЖЖ 84.11, 84.12, 84.13, 84.21, 84.30 санына қатыссыз - жаппай әдіспен, көрсетілген ЭҚЖЖ бойынша (ЭҚЖЖ 84.11, 84.12, 84.13, 84.21, 84.30 қоспағанда) саны 100 адамға дейінгілер - іріктемелі әдіспен, сондай-ақ ЭҚЖЖ-ға қатыссыз, электрондық коммерцияны жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер тізім бойынша ұсынады
Представляют юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения с видами экономической деятельности согласно кодам Общего классификатора видов экономической деятельности (далее – ОКЭД) 01-03, 05-09, 10-33, 35, 36-39, 41-43, 45-47, 49-53, 55, 56, 58-63, 64.19, 64.92, 65, 68-74, 77-82, 86, 90, 93, 95.1, 96.04 с численностью свыше 100 человек, а также с ОКЭД 84.11, 84.12, 84.13, 84.21, 84.30 независимо от численности - сплошным методом, по указанным ОКЭДам (исключая ОКЭД 84.11, 84.12, 84.13, 84.21, 84.30) с численностью до 100 человек – выборочным методом, а также индивидуальные предприниматели, осуществляющие электронную коммерцию, независимо от ОКЭД, по списку

Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі 19 қаңтарға (қоса алғанда) дейін
Срок представления – до19 января (включительно) после отчетного периода

БСН коды ☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐
код БИН

ДАРА КӘСІПКЕРЛЕР (БҰДАН ӘРІ - ДК) А МОДУЛІНІҢ ТЕК 1, 2, 3 ТАРМАҚТАРЫН ЖӘНЕ F, G МОДУЛДЕРІНІҢ БАРЛЫҚ ТАРМАҚТАРЫН ТОЛТЫРАДЫ. ИНДИВИДУАЛЬНЫЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛИ (ДАЛЕЕ – ИП) ЗАПОЛНЯЮТ ТОЛЬКО ПУНКТЫ 1, 2, 3 МОДУЛЯ А И ВСЕ ПУНКТЫ МОДУЛЕЙ F, G.

«А» МОДУЛІ: ҰЙЫМ ТУРАЛЫ ТОЛЫҚ АҚПАРАТ
МОДУЛЬ «А» ОБЩАЯ ИНФОРМАЦИЯ ОБ ОРГАНИЗАЦИИ

1. Ұйымның нақты орналасқан жерін көрсетіңіз (оның тіркелген жеріне қарамастан) – облыс, қала, аудан, елді мекен
Укажите фактическое местонахождение организации (независимо от места её регистрации) – область, город, район, населенный пункт

☐

Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес аумақ коды (статистикалық нысанды қағаз жеткізгіште тапсыру кезінде аумақтық статистика органының қызметкері толтырады)
Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов (заполняется работниками территориального органа статистики при сдаче статистической формы на бумажном носителе)

☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐

2. Қызметкерлердің санын көрсетіңіз, адам
Укажите численность работников, человек...

2.1. Қашықтықтан жұмыспен қамтылған қызметкерлердің тізімдік санын көрсетіңіз, адам
Укажите списочную численность работников, занятых на дистанционной работе, человек...☐

Қашықтықтан жұмыс ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жұмысының процесінде жұмыс берушінің орналасқан орнынан тыс жерде еңбек процесін жүзеге асырудың ерекше нысаны болып табылады.
Дистанционная работа является особой формой осуществления трудового процесса вне места расположения работодателя с применением в процессе работы информационно-коммуникационных технологий.

3. Сіздің ұйымыңыздағы тауарларды және көрсетілетін қызметтерді (қосылған құн салығын есептемегенде) өткізу көлемін көрсетіңіз, мың теңге
Укажите объем реализации товаров и услуг (без учета налога на добавленную стоимость) в Вашей организации, тысяч тенге…..☐

4. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларға (бұдан әрі – АКТ) жұмсалған шығындардың жалпы сомасын көрсетіңіз, мың теңге
Укажите общую сумму затрат на информационно-коммуникационные технологии (далее – ИКТ), тысяч тенге………......................................☐
одан:
из них:

4.1 лицензиялық келісім негізінде қолданылатын бағдарламалық құралдарды сатып алуға жұмсалған шығындар
затраты на приобретение программных средств, используемых на основе лицензионного соглашения ....☐

4.2 ұйым ішінде бағдарламалық қамтамасыз етуді өз бетінше әзірлеуге жұмсалған шығындар
затраты на самостоятельную разработку программного обеспечения внутри организации ....☐

4.3 АКТ жетілдірумен және оларды пайдаланумен байланысты қызметкерлерді оқытуға жұмсалған шығындар
затраты на обучение сотрудников, связанные с развитием и использованием ИКТ………...☐

4.4 ақпараттық технологиялармен (байланыс қызметтері мен оқытудан басқа) байланысты бөгде ұйымдар мен мамандар көрсеткен қызметке ақы төлеуге жұмсалған шығындар
затраты на оплату услуг сторонних организаций и специалистов, связанных с информационными технологиями (кроме услуг связи и обучения)……...........☐

« √ » белгісімен жауаптың тиісті нұсқасы белгіленеді
Отмечается знаком « √ » соответствующий вариант ответа

«В» МОДУЛІ КОМПЬЮТЕРДІ ЖӘНЕ КОМПЬЮТЕР ЖЕЛІЛЕРІН ҚОЛДАНУ
МОДУЛЬ «В» ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОМПЬЮТЕРА И КОМПЬЮТЕРНЫХ СЕТЕЙ

5. Сіздің ұйым компьютерлерді (оған шағын құрылғылар, ноутбуктер, планшеттер жатады) пайдалана ма?
Использует ли Ваша организация компьютеры (сюда относятся портативные устройства, ноутбуки, планшеты)?

5.1 Иә ☐ → В6 Да — **5.2 Жоқ** ☐ Нет — **→ В 5.3 және соңы** → В 5.3 и конец

5.3 Сіздің ұйымыңызда компьютерді пайдаланбаудың негізгі себебін көрсетіңіз (бір нұсқаны белгілеңіз)
Укажите основную причину не использования компьютера в Вашей организации (отметьте один вариант)

5.3.1 Қажеттілігі жоқ
Нет потребности…………………………………………………………………......☐

5.3.2 Жабдыққа кететін шығын жоғары
Высокие затраты на оборудование..☐

5.3.3 Басқа (көрсетіңіз)
Другое (укажите)_____________________________________☐

6. Барлық қызметкерлер санынан жұмыс уақытында компьютерді кем дегенде аптасына бір рет пайдаланған қызметкерлер санын көрсетіңіз, адам
Укажите количество работников от числа всех работников, которые в рабочее время, по меньшей мере, раз в неделю пользовались компьютером, человек ....☐

	Иә Да	**Жоқ** Нет
7. Сіздің ұйымыңызда кем дегенде 2 компьютерді қосатын ішкі желі (мысалы, ЖЕЖ) қолданыла ма? Применяется ли в Вашей организации внутренняя сеть (например, ЛВС), которая соединяет по меньшей мере 2 компьютера?..........	☐	☐ → В 9
8. Сіздің ұйымыңыз ішкі желіде сымсыз қосылуларды (мысалы, WLAN) пайдалана ма? Использует ли Ваша организация беспроводные соединения внутри сети (например, WLAN)?..........	☐	☐
9. Сіздің ұйымыңыз Интранет пайдалана ма? Использует ли Ваша организация Интранет?..........	☐	☐
10. Сіздің ұйымыңыз Экстранет пайдалана ма? Использует ли Ваша организация Экстранет?..........	☐	☐
11. Сіздің ұйымыңыз интернет-порталды пайдалана ма? Использует ли Ваша организация интернет-портал?..........	☐	☐
12. Сіздің ұйымыңыз өнімді өндіру кезінде цифрлық технологияларды пайдалана ма? Использует ли Ваша организация цифровые технологии при производстве продукции?..........	☐	☐

13. Сіздің ұйымыңызда пайдаланылатын компьютерлер санын көрсетіңіз, бірлік
Укажите количество компьютеров, используемых в Вашей организации, единиц..☐

14. Сіздің ұйымыңызда Интернет желісіне қосылған компьютерлер санын көрсетіңіз, бірлік
Укажите количество компьютеров, подключенных к сети Интернет, в Вашей организации, единиц..☐

15. Сіздің ұйымыңыздағы жеке меншік дата-орталықтарының санын көрсетіңіз, бірлік
Укажите количество собственных дата-центров в Вашей организации, единиц..☐

16. Сіздің ұйымыңыздағы серверлік бөлмелердің санын көрсетіңіз, бірлік
Укажите количество серверных комнат в Вашей организации, единиц..☐

17. Сіздің ұйымыңыздағы серверлік жабдықтың санын көрсетіңіз, бірлік
Укажите количество серверного оборудования в Вашей организации, единиц

17.1 Сервер
Сервер..☐

17.2 Деректерді сақтау жүйесі
Система хранения данных..☐

«С» МОДУЛІ ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІН ПАЙДАЛАНУ
МОДУЛЬ «С» ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СЕТИ ИНТЕРНЕТ

18. Сіздің ұйымыңызда Интернет желісіне қолжетімділік бар ма?
Есть ли в Вашей организации доступ к сети Интернет?

18.1 Иә ☐ Да — **18.2 Жоқ** ☐ Нет → G 36

19. Барлық қызметкерлер санынан Интернет желісіне қолжетімділігі бар компьютерді іскерлік мақсатта пайдаланатын қызметкерлер санын көрсетіңіз, адам
Укажите количество работников от числа всех работников, которые в деловых целях используют компьютер с доступом к сети Интернет, человек ……………☐

20. Интернетке қосылу қалай орнатылады?
Как устанавливается соединение с Интернетом?

20.1 Стандартты модем (аналогты телефон қосылуы арқылы) немесе тар жолақты ISDN-ға қосылу
Стандартный модем (через аналоговое телефонное соединение) или узкополосное подключение к ISDN..☐

20.2 Тіркелген (сымды) кең жолақты байланыс (DSL, талшықты-оптикалық байланыс)
Фиксированная (проводная) широкополосная связь (DSL, волоконно-оптическая связь)..☐

20.3 Тіркелген (сымсыз) кең жолақты байланыс (жерсеріктік кең жолақты байланыс, кең жолақты жерүсті тіркелген сымсыз байланыс)
Фиксированная (беспроводная) широкополосная связь (спутниковая широкополосная связь, наземная фиксированная беспроводная широкополосная связь)..☐

20.4 Ұтқыр кең жолақты қосылу
Мобильное широкополосное соединение..☐

20.5 Ұтқыр Интернет-қатынаудың басқа да түрлері (аналогты ұтқыр телефон арқылы, GSM, GRPS)
Другие виды мобильных Интернет-соединений (через аналоговый мобильный телефон, GSM, GRPS)..☐

21. Сіздің ұйымыңызда интернет-ресурстар бар ма?
Есть ли в Вашей организации интернет-ресурсы?

21.1 Иә ☐ Да — **21.2 Жоқ** ☐ Нет ☐ → D 23

	Иә Да	**Жоқ** Нет
22. Сіздің ұйым интерент-ресурста келесі ақпаратты немесе қызметті көрсетеді ме? Предоставляет ли Ваша организация следующую информацию либо услугу на интернет-ресурсе?		
22.1 Деректерді қорғау туралы түсініктеме, сайтты қолданудағы қауіпсіздік бойынша сілтемелер Разъяснения о защите данных, ссылки по безопасности пользования сайтом..........	☐	☐
22.2 Тауарлардың каталогтары немесе прайс-парақтары Каталоги товаров или прайс-листы..........	☐	☐
22.3 Сайтқа кірушілер үшін: өз бетінше тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер құру немесе оларды жеке өз қажеттілігі үшін икемдеу (мысалы, түсі, әрлеу, көрсетілетін қызмет белгілері) Для посетителей сайта: возможность самостоятельно создавать товары и услуги или адаптировать их индивидуально к своим потребностям (например, цвет, отделка, признаки услуги)………........	☐	☐
22.4 Онлайн тапсырыс, алдын-ала төлем арқылы резервте сақтау жүйесі және брондау Онлайн заказ, система резервирования и бронирования с предоплатой..........	☐	☐
22.5 Тапсырыс беру немесе жеткізу мәртебесін тексеру (тапсырысты онлайн бақылау) Проверка статуса заказа или поставки (онлайн отслеживание заказа)..........	☐	☐
22.6 Тұрақты пайдаланушыларға бағдарланған контент ұсыну Предоставление контента, ориентированного на постоянных пользователей..........	☐	☐
22.7 Бос жұмыс орнын жариялау және түйіндемені онлайн қабылдау Публикация вакансий и онлайн-прием резюме..........	☐	☐

«D» МОДУЛІ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ
МОДУЛЬ «D» ЭЛЕКТРОННОЕ ПРАВИТЕЛЬСТВО

23. Сіздің ұйым мемлекеттік органдармен байланыс үшін Интернетті қолдана ма?
Применяет ли Ваша организация Интернет для связи с государственными органами?

23.1 Иә ☐ Да — **23.2 Жоқ** Нет ☐ → Е 25

	Иә Да	**Жоқ** Нет
24. Мемлекеттік органдармен байланыс үшін Интернетті пайдаланудың мақсаттары Цели использования Интернета для связи с государственными органами		
24.1 Ақпарат алу Получение информации..........	☐	☐
24.2 Формулярларды жүктеу (көшіру) Загрузка (скачивание) формуляров..........	☐	☐
24.3 Толтырылған формулярларды электронды жіберу Электронная отправка заполненных формуляров..........	☐	☐
24.4 Толық электронды қағазсыз құжаттарды жіберу рәсімдерін жүргізу Полное электронное, безбумажное проведение процедуры отправки документов..........	☐	☐
24.5 Ашық электрондық тендерде (электрондық поштасыз) Интернет арқылы ұсыныстарды орналастыру Размещение предложения через Интернет в открытом электронном тендере (без электронной почты)..........	☐	☐

«Е» МОДУЛІ БҰЛТТЫ ЕСЕПТЕР (Cloud computing)
МОДУЛЬ «Е» ОБЛАЧНЫЕ ВЫЧИСЛЕНИЯ (Cloud computing)

Бұлтты есептер – пайдаланушыға веб-технологияларды пайдалана отырып Интернет желісі (жойылған қолжетімділік) арқылы дайын қызмет ретінде есептеу ресурстарын ұсыну үлгісі болып табылады. Мысалы, пайдаланушыға дисктік кеңістікті ұсыну (Google-диск, Mail.ru-бұлт, My Cloud.kz), қызмет түріндегі бағдарламалық қамтамасыз ету (Google бұлтты сервистері, Amazon, 1С, Cloud Office).

Облачные вычисления – это модель предоставления потребителю вычислительных ресурсов в виде готового сервиса через сеть Интернет (удаленный доступ) с использованием веб-технологий. Например, предоставление дискового пространства пользователю (Google-диск, Mail.ru-облако, My Cloud.kz), программное обеспечение в виде услуги (облачные сервисы Google, Amazon, 1С, Cloud Office).

25. Сіздің ұйымыңыз Интернет арқылы Бұлтты АТ[1]–қызметтерін (Cloud services) пайдалана ма?
Использует ли Ваша организация Облачные ИТ[1]-услуги (Cloud services) через сеть Интернет?

25.1 Иә ☐ Да — **25.2 Жоқ** Нет ☐ → Е 27

	Иә Да	**Жоқ** Нет
26. Сіздің ұйымыңыз Бұлтты есептеулер (Cloud Computing) арқылы келесі АТ[1]–қызметтерді пайдалана ма? Использует ли Ваша организация следующие ИТ[1]-услуги посредством Облачных вычислений (Cloud Computing)?		
26.1 Бұлтты көрсетілетін қызметтер (Cloud services) көмегімен электронды пошта Электронная почта при помощи Облачных услуг (Cloud services)..........	☐	☐

Ескертпе:
Примечание:
[1] АТ – Ақпараттық технологиялар
[1] ИТ – Информационные технологий

26.2 Бұлтты көрсетілетін қызметтер көмегімен офистік қосымшалар (мәтінді өңдеу, кестелік есептеулер) Офисные приложения (обработка текста, табличные расчеты) при помощи Облачных услуг..........	☐	☐

(Жалғасы бар)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 31 шілде №517 Астана қаласы

Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындау қағидаларын бекіту туралы

(Жалғасы. Басы 42-нөмірде)

Білім алушы бұзылу және ақаулықтарды іздеу бойынша басшылықты, ӘК ТҚ бойынша басшылықты , тиісті процедураларды дұрыс түсіндіреді (білім алушының алдын ала қабылдаған әрекеттерінен не көрінді) / Trainee makes the correct interpretation on TSM, AMM and other related procedures (this shows in the actions trainee takes)				

Орындаудың дұрыстығы / Correctly perform actions	1-ші талпыныс		2-ші талпыныс	
	Өтті	Өткен жоқ	Өтті	Өткен жоқ
Білім алушы процедураға қадамды ілеседі / Trainee follows the procedure steps				
Білім алушы әрекеттер тиісті орындалғанына көз жеткізеді / Trainee make sure that actions are properly done				

Қоршаған орта жағдайларындағы жұмыс / Operate in compliance with environment	1-ші талпыныс		2-ші талпыныс	
	Өтті	Өткен жоқ	Өтті	Өткен жоқ
Білім алушы қауіпсіздікке кепілдік бере отырып, міндеттерді орындалу басталғанға дейін ортаны бағалайды / Trainee scan the environment before starting the task to ensure safety				
Білім алушы алдын ала ескертуді дұрыс оқиды/ түсіндіреді / Trainee reads/interprets safety warnings correctly				
Қажеттілік болғанда білім алушы адамдарды өз жұмысы туралы ақпараттайды / Trainee informs people his work, if				
Бригада мүшелері арасындағы міндеттер бойынша персоналмен байланыс қанағаттанарлық / Communication linked to task performance between team members is okay				
Білім алушы міндетті орындау уақытында қоршаған ортаны үнемі бағалайды/ Trainee continuously scan environment during task performance				
Білім алушы қауіпсіздік кепілдігі үшін оны орындау үдерісінде қоршаған ортаның өзгерісіне тиісті жауап қайтарады / Trainee reacts properly to changes during task performance to ensure safety				

Жүйелік өзара әрекет / System interaction	1-ші талпыныс		2-ші талпыныс	
	Өтті	Өткен жоқ	Өтті	Өткен жоқ
Білім алушы орындау алдында өзге жүйелердің әсерінің салдарларын талдайды / Trainee ‘analyses’ the consequence of other systems before performing an action				
Білім алушы жүйе жұмыста болғанда өзге жүйелер үшін жауапкершілікті өзіне алады / Trainee takes consequence on other systems into account when acting on a system				

ӘК-гі ақырғы әрекеттер / Мұқият тексеру / Performs aircraft final/close-up	1-ші талпыныс		2-ші талпыныс	
	Өтті	Өткен жоқ	Өтті	Өткен жоқ
Білім алушы ұшақты кері бастапқы күйіне қайтарады (немесе тиісті жағдайларда , жағдайларға байланысты)/ Trainee restores the aircraft back to initial condition (or appropriate condition depending on the circumstances)				

Борттық жорналдағы жазбалар / Reports in logbook	1-ші талпыныс		2-ші талпыныс	
	Өтті	Өткен жоқ	Өтті	Өткен жоқ
Білім алушы борттық жорналдағы тиісті жерлерді толтырады / Trainee fills the proper field in the logbook				
uses proper references and descriptions in the logbook				
Білім алушы борттық жорналдағы тиісті сілтемелер және сипаттарды пайдаланады / / Trainee				

Мен осымен әр жұмыс міндетіне қатысты білім алушыны бақыладым және олар аяқталғанан кейін білім алушы тәжірибелік оқыту тапсырмалары бойынша жазбалардағы өлшемдерге (OJT Records) сәйкестігін көрсеткенін растаймын (PTR) /

/ I here by confirm that I have supervised the trainee in relation to every actual job task and that incompleting them the trainee has demonstrated compliance with the criteria listed in the introduction to this PTR.

Бағалаушының қолы / Assessor Sign…………………………………….
Күні/ Date……………… Бағалаушының мөрі / Assessor Stamp.

Instructor Comments / Нұсқаушының пікірлері :

Assessor Comments / Комментарии оценщика:

Ескерту. БАҒАЛАУ – жалпы ескертулер / ASSESSTMENT – General

Барлық міндеттер аяқталғаннан кейін келесі өлшемдерге сәйкес келетін бағалау орындалуы тиіс:

Бағалау тағайындалған бағалаушымен орындалуы тиіс;

Бағалау ӘК түріне және ең аз дегенде келесі тармақтарды қосатын оның техникалық қызмет көрсетуге қатысты құзіреттілікке тоғыстырылуы қажет:

1)Қоршаған орта туралы білім алушының хабардар болуы (қауіпсіздік әрекеттері, қауіпсіздік бойынша алдын ала ескертулерді қолдану және қауіпті жағдайлардың алдын алу);

2) Жүйелерді біріктіру (айқындау, сипаттау, түсіндіру, жоспарлау, орындауды қоса жүйелердің өзара әрекеттерін түсінуді көрсету);

3)Арнайы акценттер мен жаңадан енгізулерді талап ететін облыстар білімі және түсіну;

4)есептер және нұсқауларды пайдалану(оқу және түсіндіру қабілеттілігі);

5)ӘК құжаттамасы – іздеу және қолдану.Білім алушы ұшақтың тиісті құжаттамасын сәйкестендіруге, бұл құжаттаманың ішінде бағдар алуға, ұйғарылған процедураларды орындауға қабілетті болуы қажет;

6)ӘК-е ТҚ әрекеттерін орындау және саймандарды пайдалану;

7)ӘК-е қызмет көрсету жағдайларында білім алушының жұмысы кезінде оның қатынасы мен тәртібі.

Бағалау парағы бағалаудың осы нысанын толтыратын бағалаушымен толтырылады. Бұл нысанды толтыру үшін бағалаушы тапсырмалар немесе тапсырмалардың (5 артық емес) мөлшерін/ жоғарыдағы 2 тармақшада аталған өлшемдерді бағалау үшін жеткілікті таңдауы қажет. Мөлшері сияқты таңдалған нақты тапсырмалардың сипаты да білім алушылардың тиісті тәжірибесіне қарамастан , әр оқушы үшін айрықшалануы мүмкін. Таңдалған тапсырмалар және АТА тарауының тиісті нөмірлері туралы нақты ақпарат көрсетілген жердежазылуы тиіс. Тапсырмалар таңдалып болғанан кейін оларды бағалау келесі түрде орындалуы мүмкін:

Орналасу және анықтау – білім алушы ӘК жүйесін, басты түйіндерді мен жүйенің құрамдарын және оның шағын құрамдастарын (егер қолданылса) орынды табады және анықтайды және ең үлкен дәлдікпен бағалаушыға бұны көрсетеді.

Түсіндіру – білім алушы персонал мен жабдыққа зиян келтірудің алдын алуда қауіпсіздік бойынша алдын ала ескертулерді орындау, қауіпсіз жұмыс үшін олардың дұрыс конфигурациясы бөлігінде ӘК жүйесін тексеруде жеткілікті білімін көрсетуге қабілетті болуы тиіс.Содан кейін білім алушы талап етілетін міндеттерді аяқтау үшін кез келген қажетті сынақтау жабдығын және/немесе арнайы сайманды қолдануды қоса, орындалуы қажет барлық позициялар мен әрекеттер бойынша басқарудың көрсетілген элементтері әсерінің нәтижелерін айқындайды, бағалаушыға дұрыс түсіндіреді. ӘК ТҚ бойынша басшылықтың процедуралары пайдаланылуы тиіс.

Ақаулықтарды іздеу және жою – білім алушы қауіпсіз ұшып шығу және бұзылуды анықтай отырып, бұзылу/ ақаулықтарды анықтауға тиісті сайман және техникалық басшылықты пайдаланады.

Бағалау «өтті»/ «өткен жоқ» жазбаларын пайдалану отырып, өткізіледі. Егер бағалаушының пікірінше білім алушы жоғарыдағы 2) тармақшада аталған, әр таңдалған тапсырмаға қатысы бар өлшемдерге жауап берсе, бағалаушы бұл тапсырманы өз мөртаңбасымен белгілейді.

Егер бағалаушының пікірінше білім алушы таңдалған тапсырмаға қатысты көрсетілген өлшемдердің ең болмаса біреуіне жауап бермесе, бағалаушы өз мөртаңбасын қоймайды және мөртаңба қоюға тағайындалған жерге «Fail»(«Өткен жоқ») сөзін жазады. Содан кейін білім алушы күрделілігі сияқты техникалық сипаттамасы бойынша бастапқы тапсырмаға барабар бағалаушымен таңдалынған тағы бір тапсырманы орындап, қайтадан бағалаудан өтуі тиіс. Барлық көрсетілген өлшемдерді қанағаттандыру үшін бағалауға 5 аса емес тапсырманы пайдалануға болады.

АЯҚТАЛУ. Талап етілген тапсырмалар сияқты табысты тәжірибелік бағалау аяқталғанан кейін білім берушінің тәжірибелік оқыту(Practical Training Records, PTR) жөніндегі жазбалардың түпнұсқасы тәжірибелік элементтің нұсқаушысымен немесе тәжірибелік элементті бағалаушымен тәжірибелік оқытуға барлық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету және бұл талаптарға сәйкестік кепілі үшін АОО –ң оқу бөліміне қайтарылады. Егер барлық талаптар орындалса, білім алушыға тәжірибелік элемент бөлігінде ӘК-ң түріне оқытуды растаушы АОО атынан сертификат шығарылады.

Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындау Қағидасына 5 Қосымша

Емтихан алушының (бағалаушы) қызметі жөніндегі басшылық

1. Басшылықта қабылданған қысқартулар және айқындаулар.
2. Құзіреттілікті бағалаудың процедуралары жүзеге асырылатын мамандардың санаттары;
3. Осы Қағида және Біліктілік талаптары негізінде жасақталған емтихан алушыға (бағалаушы) талаптар;
4. Емтихан алушы (бағалаушы) қызметінің ұйымдастырушылық аспектілері , ең аз дегенде өзіне қосады:

1) Өз функцияларын емтихан алушымен (бағалаушы) орындау үшін белгіленген және авиациялық персоналдың ұйғарылған куәлігімен функцияларды бір мезгілде орындаумен оның қызметін шығаратын , сонымен қатар демалыс үшін уақытты ұйымдастыруды бұзатын жұмыс уақытын ұйымдастыр;

2) Емтихан алушылардың (бағалаушылар) кәсіби дайындығын айқындау және сипаттау;

3) Материалдық және адами ынталандыру нысандары;

4) Қызметтің нәтижелері үшін емтихан алушының (бағалаушы) жауапкершілігі;

5) Тікелей лауазымын көрсетумен емтихан алушының (бағалаушы) қызметіне қатысты талаптарды сақтамағаны үшін басшылықтың жауапкершілігі.

5. Азаматтық авиацияның өзге ұйымдарында немесе АОО-а теориялық және тәжірибелік емтихандарды өткізу бойынша қызметті жүзеге асыру үшін емтихан алушылардың (бағалаушылар) қатысуына қатысты саяса, ең з дегенде қосады:

1) Жұмыс уақытын есебін;

2) Еңбек ақы төлемі облысындағы кепілдік;

3) Іссапарлық шығындар (қажеттілік кезінде);

6. Теориялық және тәжірибелік емтихандарды өткізу үшін пайдаланылатын жабдықтың, техникалық, бағдарламалық құралдардың сипаттамасы ;

7. Емтихан тапсырушылардың санаттарын ескерумен әр кезең (үдеріс) үшін кесімді және анық нұсқауларды олар өткізуге қатысты облыстың (пәндер) теориялық және тәжірибелік емтихандарын өткізу процедураларын сипаттау;

8. Мәтіндер және тәжірибелік жаттығуларға қатысты ережелер мен саясат; Нұсқаушылармен және/немесе АОО-н бағаланатын үміткерлердің дайындық тиімділігін емтихан алушылармен (бағалаушылар) бағалау (егер Емтихан алушы қызметін АОО-а жүзеге асырса).

9. Біліктілік деңгейін бағалау процедураларын қайтара өтудің саясаты және процедуралары;

10. Теориялық және тәжірибелік емтихандардың нәтижелері туралы есептіліктің тәртібі, нысандары және түрлері;

11. Аппеляцияларды беру және қарау тәртібі;

12. Сынақ тапсырмалары мен жаттығуларды қорғау үшін забылданатын шаралар;

13. Теориялық және тәжірибелік емтихандардың процедураларына байланысты барлық құжаттаманы тіркеу, сақтауды және сақталуын қамтамасыз ету шараларын ұйымдастыру;

14. Емтихан алушылардың (бағалаушылар) қалағалау және тексеру;

15. Белгіленген нысандар, есептер және құжаттамалар;

16. Мүдделер жанжалдарының алдын алу.

Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындау Қағидасына 6 Қосымша

Нысан

азаматтық авиация ұйымының атауы

Біліктілік емтихандарын өткізуге өтініш

1. ______________________________________
(өтініш берушінің ата тегі)

Туған жылы, күні__________Лауазымы______________________

Емтиханның мақсаты
____
(біліктілік белгінің, рұқсаттың түрі)
Жұмыс орны______________________________
(жұмыс орны, ӘК түрі)

2.Өтініш беруші біліктілік тексерудің барлық шарттарын орындауға міндеттенеді.

Өтініш беруші ______________ ______________ __________
(қолы) (Ата тегі) (Күні)

Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындау Қағидасына 7 Қосымша

Нысан

Сынақтаудан өтуге тіркеу картасы

ФОТО

Үміткердің сәйкестендіру нөмірі
____
Сынақтаудан өту:
Күні_________ уақыты ___________

Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындау Қағидасына 8 Қосымша

Нысан

Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындау Қағидасын бұзу туралы Акт

«____» _________ 201 _ж. ____ с. ______ мин.
Сынақ алушысы ______________________________
(Ата тегі. (болу кезінде))
Үміткермен бұзушылық факті белгіленді
_____________ _______________ ЖСН ______________
(Ата тегі. (болу кезінде))

Авиациядық персоналдың біліктілік деңгейін айқындау Қағидасының 14 тармағының талаптары________________________________
(бұзушылықтың қысқаша сипаты)
Сынақ алушының қолы: __________________________
Актімен таныстырылды:__________________________

(Жоғарды көрсетілген бұзушылықты жібергеннің қолы, ата тегі(болу кезінде). Жоғарыда көрсетілген бұзушылықты жіберген үміткердің осы актіге қол қоюдан бас тартуы жағдайындағы тиісті жазба)
____
(Жоғарды көрсетілген бұзушылықты жіберген үміткердің бас тарту фактісін растаушы өзге тұлғаның қолы, ата тегі «болуы кезінде), ЖСН.)
____

Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындау Қағидасына 9 Қосымша

Нысан

Сынақтау процедурасын тоқтату туралы Акт

Күні г. _______________

Біз, төменде қол қоюшылар, «__»___________ 20___ жылы , __с. ___мин келесілердің салдарынан сынақтаудың тоқтатылуы туралы осы актіні жасақтадық:

☐ байлынстың шалысы
☐ компьютерлік техниканың шалысы
☐ электр желісінің шалысы
☐ өзге себептер.

Сынақтауды тоқтату себептері туралы қосымша ақпарат:
____
____

Сынақтау келесі үміткерлерге қатысты тоқтатылды:

1. Ата тегі *(болуы кезінде)*________________ ЖСН ________________

2. Ата тегі *(болуы кезінде) және емтихан алушының қолы:*____________________

Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындау Қағидасына 10 Қосымша

нысан

CERTIFICATE № / course title
СЕРТИФИКАТ № / курстың атауы

АТА ТЕГІ
NAMESURNAME
Дербес коды:
/Identity No/
Авиациялық персоналдың коды (егер қолданылса):
/ License (if applicable)/
ИКАО теориялық емтиханын табысты тапсырды, 1 Қосымша
/has successfully completed theoretical examination ICAO Annex 1
Емтиханның нәтижелері:
/Examination Results/

Пән /Subjects	Күні/Date	Талпынысы /Attempt	Нәтижесі%/ Score %

Беру орны және күні: 20__ ж. «____» _______
Place and date of issue: 20_____ «____» _______

Теориялық білімі жөніндегі емтихан алушы:
/ Theoretical knowledge examiner

Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындау Қағидасына 11 Қосымша

ӘК ТҚ жөніндегі мамандар үшін бастапқы дайындығының емтихандар стандарты

1. Жалпы талаптар.

1. Бастапқы (базалық), кәсіби дайындық аясындағы барлық емтихандар бірнеше жауаптан дұрыс нұсқауын және очерк (essay) түріндегі сұрақтың таңдауымен сұрақтарды қолданумен өткізілуі тиіс, егер бұл төмендегі талаптармен айқындалса.

Бұрыс, ұқсас жауаптар кім пәнді білмейтін кез келген үшін шын сияқты, баламалы көрінуі қажет. Барлық ұқсас жауаптар сұраққа байланысты және сондай сөздігі, грамматикалық конструкциясы және бірдей ұзындығы болуы тиіс. Сандық мәндері бар сұрақтарды бұрыс жауаптар бұрыс мәндерді (-салыстырғандағы +) немесе өлшемнің бұрыс шамаларымен пайдалану ретінде процедуралық қателерге сәйкес болуы тиіс. Олар кездейсоқ сандар болуы тиіс.

2. Бірнеше жауаптан дұрыс нұсқасын таңдаумен сұрақтардың әрқайсысына жауаптың үш ұқсас нұсқасы болуы тиіс, олардың ішінен біреуі ға дұрыс болуы қажет және үміткерге әр сұраққа 75 секунд есебінен уақыттың орташа номиналдық кесіндісінде негізделетін әр модульға уақыт берілуі тиіс.

3. Очерк түріндегі әр сұрақ жауапты жазуда дайындықты талап етеді және үміткерге әр сұраққа жауап үшін 20 минут беріледі.

4. Очерк үшін қолайлы сұрақтар(essay) дайындалуы және7A, 7B, 9A, 9B, 10 және 10RK Appendix I бағдарламасын пайдаланумен бағалануы қажет.

5. Әр сұрақтың өзге тараудың бөлігіне сәйкес бола алатын кез келген ұқсас жауаптардың білімін қосатын ол үшін дайындалған жауаптың үлгісі болады.

6. Жауаптың үлгісі негізгі тармақтар сияқты маңызды тармақтардың тізбесіне бөлінеді.

7. Сұрақтармен бөліктің және дұрыс жауаптың нұсқасын таңдаумен әр модуль немесе шағын модуль бойынша өту бағасы 75 % құрайды.

8. Очерк (essay) түріндегі әр сұрақ үшін өту бағасы сұрақпен белгіленген негізгі талап етілген тармақтарды қосуы және кез келген негізгі тармаққа қатысты елеусіз қателері болуы тиіс үміткерлердің жауабы 75 % құрайды.

2. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

1) ағымдағы табыстар – ұйымның бухгалтерлік есептілік әдіснамасы бойынша есептелетін қаржы қаражаттарының түсімі;

2) ағымдағы трансферттер – республикалық (соның ішінде білім гранттары) және жергілікті бюджеттен қайтаруға жатпайтын біржақты төлемдер, ұйымдар мүшелерінің ерікті жарналары мен қайырмалдықтар (соның ішінде шетелден);

3) ағымдағы шығыстар – субъектінің негізгі және қосалқы қызметтен өндірілген өнімнің (тауар және қызмет) өзіндік құнын қалыптастыратын шығындары сияқты қаржы-шаруашылық қызметтерімен байланысты шығыстарының барлық түрлері;

4) активтер – бұл мүлік, субъектінің бағалық құны бар мүліктік игілігі мен құқығы бар мүлігі;

5) амортизация – сатып алынған актив құнының өнімнің өзіндік құнына немесе активтің пайдалы қолданылуы мерзімінде болатын шығысқа біртe-бірте көшу үрдісі;

6) коммуналдық қызметтер – электр мен жылу энергиясына, сумен жабдықтауға және кәрізге жұмсалатын шығыстар;

7) күрделі шығындарға алынған қаржы трансферттері – активтерге немесе оларды сатып алу үшін қаражаттарға (қолма-қол ақшадан және материалдық айналымнан басқа) ақысыз меншік құқығын бір институционалдық бірліктен басқасына өтеусіз беру;

8) қорытынды табыс (шығын) – салық салынғанға дейінгі пайда (залал) алу кезең бойынша қорытынды пайда (залал);

9) қызметкерлердің жалақы қоры (бұдан әрі – ҚЖҚ) – Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес салықтар мен басқа да ұстап қалуларды (жеке табыс салығы, міндетті зейнетақы жарналары) ескере отырып, олардың қаржыландыру көзіне және оларды нақты төлеу мерзіміне қарамастан қызметкерлердің еңбекақысын төлеу үшін ұйымның есептелген ақшалай жиынтық қаражаттары (лауазымдық қызметақылар, тарифтік мөлшерлемелер), үстемеақылар, қосымша ақылар, сыйақылар мен ынталандырушы және өтемдік сипаттағы өзге де төлемдер);

10) қысқа мерзімді міндеттемелер – кәсіпорынның айналымдағы активтерді пайдалану немесе жаңа қысқа мерзімді міндеттемелерді құру жолымен өтеуді болжайтын қарызы;

11) негізгі құралдар – бұл басқа тұлғаларға жалға беру үшін немесе әкімшілік мақсаттарға және субъекті өндірісте пайдалану үшін немесе тауарды (қызметті) жеткізу үшін ұсталатын және оларды пайдалану бір жылдан астам кезең бойына созылатын материалдық активтер;

12) негізгі қызмет түрі - қосылған құны субъектінің іске асыратын кез келген басқа қызметтерінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі;

13) салық салынғанға дейінгі пайда (залал) - табыстар және шығыстар арасындағы айырмашылығы;

14) салықтар – қайтарымсыз және өтеусіз сипатқа ие, нақты мөлшерлерде түзілетін, Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексімен (Салық Кодексі) көзделген жағдайларды есепке алмағанда мемлекет біржақты тәртіпте заңнамамен белгілеген бюджетке міндетті ақшалай төлемдер;

15) ұзақ мерзімді міндеттемелер – кәсіпорынның бір операциялық цикл ішінде өтеуді болжамайтын қарызының барлық түрлері.

3. Статистикалық нысанды өзінің орналасқан жері бойынша заңды тұлғаның құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, оларға заңды тұлғаның статистикалық нысанды тапсыру бойынша уәкілеттігі берілген жағдайда тапсырады. Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшелердің мұндай уәкілеттіктері болмаған жағдайда статистикалық нысанды олардың орналасқан жерін көрсете отырып, өзінің құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері бөлінісінде заңды тұлға ұсынады.

4. 2-бөлімнің 1.2-жолында негізгі қызмет түрінің тізбесіне кірмейтін қызметтерді көрсету және өз күшімен өндірілген, өткізілген тауарлардың құны ұйым қызметінің нәтижесінде өндірілген және нарықтық бағалар бойынша (қосылған құн салығынсыз (бұдан әрі - ҚҚС)) өткізілген тауарлар өндірісінен, сондай-ақ үй шаруашылықтарына өтеусіз немесе болмашы бағалармен берілгендерді қоса, өзі тұтынуы немесе жалпы қорланым үшін өндірілгендерден алынған табыстар көрсетіледі.

1.1-жол бойынша жарғылық капиталды арттыруға бағытталған күрделі шығындарға алынған трансферттер көрсетіледі.

1.4-жол бойынша пайыздардан, акциялар бойынша дивидендтерден түсетін табыстар, осы ұйымға қарайтын, яғни оның құзырындағы басқа да кәсіпорындардан түскен табыстар көрсетіледі.

1.8-жол бойынша қосалқы қызметтен және нысанның жоғарыдағы жолдарында келтірілмеген жалгерлік қызметтен түскен қалған табыстар көрсетіледі.

2-жол бойынша активтерге берілген құқық көлемі оларды берген кезде қолданыста болған нақты бағамен күрделі шығындарға алынған трансферттер (жарғылық капиталды арттыруға бағытталмаған) көрсетілуі тиіс. Шетел валютасындағы трансферттер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша теңгеге аударылады.

3-жол бойынша ұйымның меншікті немесе қарыз қаражаты сияқты басқа қаражат көздері есебінен негізгі құралдарды сатып алудан түскен табыстар көрсетіледі.

4-жол бойынша осы статистикалық нысандағы шығыстар тізімі мен оларды сипаттау әдістемесі есеп беретін субъектінің функционалдық ерекшеліктері мен есепке алу саясатының өзгешелігіне байланысты.

4.2, 4.4-4.6-жолдар бойынша ұйымның есепті кезеңде жүргізген материалдық шығындарының жалпы сомасы ҚҚС-мен (қайтарылатын қалдықтар құнын шегергенде) қоса көрсетіледі.

4.2-жол бойынша ұйым шеңберіне жұмыс жасайтын және оның теңгерімінде тұрған асханалар мен буфеттер үшін сатып алынған тамақ өнімдерінің құны көрсетіледі.

4.7-жол бойынша негізгі құралдарды жалдау, жабдықтар, жай жалдауды төлеу, техникалар және басқа да құралдар.

4.8.9-жол бойынша: дезинфекциялық станция, санитарлық эпидемиологиялық қызмет, кәдеге жарату, өрт дабылы, бағдарламалық қамтамасыз етуге қызмет көрсету бойынша, қоқыс, қар шығару және тағы басқалар бойынша бөгде ұйымдардың қызметі көрсетіледі.

4.10-жол бойынша пайыздардан, төлемдер, дивидендтер, осы ұйымға тиесілі, яғни оның құзырындағы басқа да кәсіпорындардан және акция дивидендтерінен түскен түсімдер ескеріледі.

4.11-жол бойынша негізгі құрал-жабдықтардың тозуы және материалдық емес активтердің өтелімі мекеменің меншік, шаруашылық жүргізуі және жедел басқару құқығындағы, сондай-ақ ұзақ мерзімге жалға алынған негізгі құралдардың барлық түрлері және материалдық емес активтер бойынша есепті кезеңдегі есептелінген және төленген амортизациялық аударымдар көрсетіледі. Бюджеттік ұйым көрсетілген жолды толтырмайды.

4.12.1-жол бойынша салықтар көрсетіледі.

4.12.3-жолда тараптық ұйымдар орындаған өндірістік емес сипаттағы қызмет түрлерімен байланысты өзге де шығыстар, сонымен қатар қызметтік іссапар кезіндегі тәуліктік шығыстар көрсетіледі.

5-жол бойынша негізгі қорларды салумен және жаңартумен, жаңа техника мен технологияны игерумен байланысты негізгі шығыстарды көрсететін шаруашылық жүргізуші субъектілердің күрделі шығыстары, еншілес кәсіпорындарға инвестициялар көрсетіледі. Олар қолданудан маңызды қызмет мерзімінің басында бағаланған болашақ экономикалық пайда болған жағдайда бастапқы құнын өсіруді мақсат ету қажет. Басқа да шығындар олар өндірілген кезеңнің шығыстары болып қарастырылуы керек.

5.2-жол бойынша жою, өткізу, айырбастау, өтеусіз беру нәтижесінде қалдық құны бойынша мекеме теңгерімінен алынып тасталған негізгі құралдардың істен шығуы көрсетіледі.

Аталған жол бойынша негізгі құралдарды өткізген жағдайда өткізу құнымен теңгерімдік құн арасындағы, сондай-ақ негізгі құралдарды өткізуден немесе олардың өзге де істен шығуынан түскен табыс пен залал болып табылатын өткізуге шығыстар арасындағы айырмашылық көрсетіледі. Негізгі құралдарды өткізуден табыс түскен жағдайда табыс сомасы 1.8-жолда көрсетілуі тиіс.

5.3-жол бойынша жұмыс істеп тұрған субъектілерді күрделі жөндеуге, жаңартуға, қайта құруға және техникалық қайта жарақтауға жұмсалған шығындар негізгі құралдар объектілерінің бастапқы құны өскен жағдайда есепке алынады. Мұның өзінде келесі күрделі салымдардың нәтижесінде негізгі құралдар объектілерінің бастапқы құнын ұлғайту оның бастапқы бағаланған нормативтік көрсеткіштерін арттыратын объектінің жағдайы жақсарған жағдайда ғана жүргізіледі: қызмет ету мерзімі, өндірістік қуаты. Объектінің техникалық жағдайын сақтау және қолдау мақсатында жүргізілетін, бастапқы құнын өсірмейтін негізгі құралдарды жөндеу мен пайдалануға беруге жұмсалған шығындар күрделі шығыстарға енгізілмейді.

5. 3-бөлім ұйымның пайдасы мен залалы туралы деректері негізінде толтырылады. Салық салынғанға дейінгі пайда (залал) ұйымның шығыстары және кірістері арасындағы айырмашылық ретінде көрсетіледі, ал қорытынды пайда (залал) корпоративті табыс салығын шегергенде, салық салынғанға дейінгі пайдаға (залал) тең. Шығыстар жолына ағымдағы шығыстар және күрделі шығыстар кіреді.

6. 4-бөлімде Қаржылық есептіліктің ұлттық және халықаралық стандарттарына сәйкес ұйымның бухгалтерлік теңгерімінің көрсеткіштері толтырылады.

7. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында (www.stat.gov.kz) орналастырылған «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

12. Респондент есепті кезеңде қызметі болмаған жағдайда, есепті кезең мерзімінің аяқталатын күнінен кешіктірмей статистикалық нысандар орнына, қызметінің болмау себептерін және осы қызметтің жүзеге асырылмайтын мерзімдерін көрсете отырып, қызметінің болмауы туралы хабарламаны Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес ұсынады.

9. Ескерту: Х - бұл позиция толтыруға жатпайды.

10. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 2-бөлім. «Табыстар мен шығыстар баптары бойынша мәліметтерді көрсетіңіз»:

1-жол = 1.1, 1.2, 1.3, 1.4, 1.5, 1.6, 1.7, 1.8-жолдар қосындысына;

1.1-жол = 1.1.1, 1.1.2, 1.1.3-жолдар қосындысына;

1.1.1.1-жол ≤ 1.1.1-жолдан;

1.1.3.1-жол ≤ 1.1.3-жолдан;

1.4-жол = 1.4.1, 1.4.2-жолдар қосындысына;

1.6-жол = 1.6.1, 1.6.2-жолдар қосындысына;

2-жол = 2.1-2.5-жолдар қосындысына;

4-жол = 4.1-жол + 4.2-4.8-жолдар қосындысына + 4.9-жол + 4.10-жол + 4.11-жол + 4.12-жол – 4.12.1.1-жол – 4.12.1.4-жол - 4.12.2.1-жол – 4.12.2.2-жол;

4.1.1.1-жол < 4.1.1-жол;

4.1.1.2-жол < 4.1.1-жол;

4.8-жол = 4.8.1- 4.8.9-жолдар қосындысына;

4.9-жол = 4.9.1 және 4.9.2-жолдар қосындысына;

4.10-жол = 4.10.1, 4.10.2-жолдар қосындысына;

4.12-жол = 4.12.1, 4.12.2, 4.12.3-жолдар қосындысына;

4.12.1-жол ≥ 4.12.1.1-4.12.1.7-жолдар қосындысына;

4.12.2-жол ≥ 4.12.2.1, 4.12.2.2, 4.12.2.3-жолдар қосындысына;

5-жол = 5.1-5.3-жолдар қосындысына.

2) 3-бөлім «Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін көрсетіңіз»:

3-жол = 1-жол – 2-жол.

3) 4-бөлім «Бухгалтерлік теңгерім көрсеткіштері бойынша мәліметтерді көрсетіңіз»:

1-жол = 1.1, 1.2-жолдар қосындысына;

2-жол = 2.1-2.3-жолдар қосындысына;

1-жол = 2-жолға;

1.3-жол < 1.1-жолдан;

2.4-жол < 2.1-жолдан.

4) Бөлімдердің арасындағы бақылау:

3-бөлімнің 1-жол = 2-бөлімнің 1, 2, 3-жолдар қосындысына;

3-бөлімнің 2-жол = 2-бөлімнің 4 және 5-жолдар қосындысына;

3-бөлімнің 4-жол = 3-бөлімнің 3-жол – 2-бөлімнің 4.12.1..

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді
Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 3 қарашадағы № 154 бұйрығына 11-қосымша

Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны
Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Приложение 11 к приказу Председателя Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 3 ноября 2017 года № 154

Аумақтық статистика органына ұсынылады
Представляется территориальному органу статистики

Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз) Время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)					
1 сағатқа дейін до 1 часа	1-2	2-4	4-8	8-40	**40 сағаттан артық** более 40 часов

Статистикалық нысан www.stat.gov.kz интернет-ресурсына орналастырылған
Статистическая форма размещена на интернет-ресурсе www.stat.gov.kz

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады
Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях»

Статистикалық нысан коды 241112123
Код статистической формы 241112123

(Соңы 24-бетте)

(Соңы. Басы 18-23-беттерде)

1-ғылым
1-наука

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар туралы есеп
Отчет о научно-исследовательских и опытно-конструкторских работах

Жылдық Годовая | **Есепті кезең** Отчетный период ☐☐☐☐ **жыл** год

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) 72, 85.4 - кодтарына сәйкес экономикалық қызметтің негізгі және қосалқы түрі бар заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері және тізім бойынша экономикалық қызмет түрлеріне қарамастан ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымдар ұсынады
Представляют юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения с основным и вторичным видами экономической деятельности согласно кодам Общего классификатора видов экономической деятельности (далее – ОКЭД) 72, 85.4 и организации, независимо от вида экономической деятельности, осуществлявшие научно-исследовательские и опытно-конструкторские работы по списку

Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі 25 қаңтарға (қоса алғанда) дейін
Срок представления – до 25 января (включительно) после отчетного периода

БСН коды код БИН ☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐

1. Кәсіпорынның негізгі сипаттамаларын көрсетіңіз
Укажите основные характеристики предприятия

« √ » белгісімен жауаптың тиісті нұсқасы белгіленеді
Отмечается знаком « √ » соответствующий вариант ответа

1.1 Сіздің ұйымыңыз есепті жылда ҒЗТКЖ[1] орындады ма?
Осуществляла ли Ваша организация НИОКР[1] в отчетном году?

1.1.1 Иә Да ☐ → 1.4 **1.1.2 Жоқ** Нет ☐ → 1.2

1.2 Орындамаған болсаңыз, келесі есепті жылда ҒЗТКЖ жоспарлайсыз ба?
Если нет, то планируете ли Вы НИОКР в следующем году?

1.2.1 Иә Да ☐ **1.3 және сауал аяқталды** → 1.3 и опрос закончен **1.2.2 Жоқ** Нет ☐ **сауал аяқталды** → опрос закончен

1.3 Егер орындайтын болсаңыз, келесі жылы ҒЗТКЖ-ға жұмсайтын шығындарды шамамен көрсетіңіз, мың теңге
Если да, то укажите планируемые на следующий год затраты на НИОКР, тысяч тенге ☐

1.4 1.1-тармағында «Иә» деп жауап берген жағдайда ЭҚЖЖ кодына сәйкес нақты жүзеге асырылатын экономикалық қызмет түрінің атауын және кодын көрсетіңіз
В случае ответа «Да» в пункте 1.1 укажите наименование и код фактически осуществляемого вида экономической деятельности, согласно коду ОКЭД ☐☐☐☐☐

1.5 Сіздің кәсіпорынның қызмет секторын көрсетіңіз
Укажите сектор деятельности Вашего предприятия

1.5.1 Мемлекеттік сектор ☐
Государственный сектор
1.5.2 Кәсіптік жоғары білім секторы ☐
Сектор высшего профессионального образования
1.5.3 Кәсіпкерлік сектор ☐
Предпринимательский сектор
1.5.4 Коммерциялық емес сектор ☐
Некоммерческий сектор

Ескертпе:
Примечание:
[1] ҒЗТКЖ – мұнда және бұдан әрі Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
[1] НИОКР –здесь и далее Научно-исследовательские и опытно-конструкторские работы

1.6 Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық бөлімшелердің санын көрсетіңіз (ЭҚЖЖ 72-коды бар ұйымдардан басқасынан бәрі толтырады), бірлік
Укажите количество научно-исследовательских и опытно-конструкторских подразделений (заполняют все, кроме организаций с кодом ОКЭД 72), единиц ☐☐☐☐☐

1.7 Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық бөлімшелері қызметкерлерінің тізімдік санын көрсетіңіз (ЭҚЖЖ 72-коды бар ұйымдардан басқасынан бәрі толтырады), адам
Укажите списочную численность работников научно-исследовательских и опытно-конструкторских подразделений (заполняют все, кроме организаций с кодом ОКЭД 72), человек ☐☐☐☐☐

2. ҒЗТКЖ-ны жүзеге асыратын қызметкерлер саны, адам
Численность работников, осуществлявших НИОКР, человек

Жол коды Код строки	**Атауы** Наименование	**Барлығы** Всего	**Соның ішінде:** В том числе: **зерттеуші-мамандар** специалисты-исследователи	**техникалық персоналдар** технический персонал	**өзгелері** прочие
А	Б	1	2	3	4
1	**ҒЗТКЖ-ны орындаған қызметкерлер саны, есепті жылдың соңына** Численность работников, осуществлявших НИОКР, на конец отчетного года				
1.1	**одан әйелдер** из них женщины				
2	**Соның ішінде білімі барлар (1-жолдан):** В том числе имеют образование (из строки 1):				
2.1	**жоғары білім** высшее образование				
2.1.1	**одан әйелдер** из них женщины				
3	**Одан ғылыми және академиялық дәрежесі барлар (2.1-жолдан):** Из них имеют ученую и академическую степени (из строки 2.1):	X	X	X	X
3.1	**бейіні бойынша доктор** доктор по профилю				
3.1.1	**одан әйелдер** из них женщины				
3.2	**философия докторы (PhD)** доктор философии (PhD)				
3.2.1	**одан әйелдер** из них женщины				
3.3	**ғылым докторы** доктор наук				
3.3.1	**одан әйелдер** из них женщины				
3.4	**ғылым кандидаты** кандидат наук				
3.4.1	**одан әйелдер** из них женщины				
3.5	**магистр** магистр				
3.5.1	**одан әйелдер** из них женщины				
4	**Орта кәсіптік (арнайы) білім** Среднее профессиональное (специальное) образование				
4.1	**одан әйелдер** из них женщины				
5	**Басқалар** Другие		X		
5.1	**олардан әйелдер** из них женщины		X		
6	**ҒЗТКЖ-ны орындауға жұмсалған жұмыс уақыты, сағатпен** Количество рабочего времени, затраченного на выполнение НИОКР, в часах	X			
7	**Басқа жұмыстарды орындауға жұмсалған жұмыс уақыты, сағатпен (6-жолды толтырғандардан)** Количество рабочего времени, затраченного на выполнение других работ, в часах (заполнившие строку 6)	X			

3. ҒЗТКЖ-ны жүзеге асырған қызметкерлердің санын жас бойынша бөлу, адам
Распределение численности работников, осуществлявших НИОКР по возрасту, человек

Жол коды Код строки	**Атауы** Наименование	**Барлығы** Всего	**Соның ішінде** В том числе: **25 жасқа дейін** до 25 лет	**25-34 жас** 25-34 года	**одан** из них **25-28 жас** 25-28 лет	**35-44 жас** 35-44 года	**одан** из них **35 жас** 35 лет	**45-54 жас** 45-54 года	**55-64 жас** 55-64 года	**одан** из них **55-62 жас** 55-62 лет	**65 жас және одан асқандар** 65 лет и старше
А	Б	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	**ҒЗТКЖ-ны орындаған қызметкерлер саны, есепті жылдың соңына** Численность работников, осуществлявших НИОКР, на конец отчетного года										
1.1	**одан зерттеуші-мамандар** из них специалисты-исследователи										
1.1.1	**одан әйелдер** из них женщины										
2	**Одан ғылыми және академиялық дәрежесі барлар (1.1-жолдан):** Из них имеют ученую и академическую степени (из строки 1.1):										
2.1	**бейіні бойынша доктор** доктор по профилю										
2.1.1	**одан әйелдер** из них женщины										
2.2	**философия докторы (PhD)** доктор философии (PhD)										
2.2.1	**одан әйелдер** из них женщины										
2.3	**ғылым докторы** доктор наук										
2.3.1	**одан әйелдер** из них женщины										
2.4	**ғылым кандидаты** кандидат наук										
2.4.1	**одан әйелдер** из них женщины										
2.5	**магистр** магистр										
2.5.1	**одан әйелдер** из них женщины										

4. ҒЗТКЖ-ны орындаған зерттеуші-мамандар санының қозғалысы, адам
Движение численности специалистов-исследователей, выполнявших НИОКР, человек

Жол коды Код строки	**Атауы** Наименование	**Есепті жылдың басына бары** Наличие на начало отчетного года	**Қабылданған зерттеуші-мамандар** Принято специалистов-исследователей: **барлығы** всего	**соның ішінде:** в том числе: **ЖОО[2]-ны бітіргеннен кейін** после окончания ВУЗа[2]	**басқа ғылыми ұйым-дардан** из других научных организа-ций	**басқа орындар-дан** из прочих мест	**Кеткен зерттеуші-мамандар** Выбыло специалистов-исследователей: **барлығы** всего	**соның ішінде:** в том числе: **өз еркі бойынша** по собствен-ному желанию	**штатты қысқартуға байланысты** в связи с сокращением штата	**басқа себептер бойынша** по прочим причинам	**Есепті жылдың соңына бары** Наличие на конец отчетного года
А	Б	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	**Зерттеуші-мамандар** Специалисты-исследователи										
1.1	**одан әйелдер** из них женщины										
2	**Одан ғылыми және академиялық дәрежесі барлар (1-жолдан):** Из них имеют ученую и академическую степени (из строки 1):										
2.1	**бейіні бойынша доктор** доктор по профилю										
2.1.1	**одан әйелдер** из них женщины										
2.2	**философия докторы (PhD)** доктор философии (PhD)										
2.2.1	**одан әйелдер** из них женщины										
2.3	**ғылым докторы** доктор наук										
2.3.1	**одан әйелдер** из них женщины										
2.4	**ғылым кандидаты** кандидат наук										
2.4.1	**одан әйелдер** из них женщины										
2.5	**магистр** магистр										
2.5.1	**одан әйелдер** из них женщины										

Ескертпе:
Примечание:
[2] **ЖОО – Жоғары оқу орындары**
[2] ВУЗ – Высшие учебные заведения

5. Зерттеуші-мамандарды туған елдері және азаматтығы бойынша бөлу, адам Распределение специалистов-исследователей по стране рождения и гражданству, человек

Жол коды Код строки	**Атауы** Наименование	**Туған елі** Страна рождения: **Қазақстан** Казахстан	**ТМД[3] елдері** страны СНГ[3]	**ТМД-дан тыс елдерде** Страны вне СНГ	**Азаматтығы** Гражданство: **Қазақстан** Казахстан	**ТМД елдері** страны СНГ	**ТМД-дан тыс елдерде** Страны вне СНГ
А	Б	1	2	3	4	5	6
1	**Зерттеуші- мамандар** Специалисты-исследователи						
1.1	**Одан ғылыми және академиялық дәрежесі барлар (1 жолдан):** Из них имеют ученую и академическую степени (из строки 1):						
1.1.1	**бейіні бойынша доктор** доктор по профилю						
1.1.2	**философия докторы (PhD)** доктор философии (PhD)						
1.1.3	**ғылым докторы** доктор наук						
1.1.4	**ғылым кандидаты** кандидат наук						
1.1.5	**магистр** магистр						

Ескертпе:
Примечание:
[3] ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
[3] СНГ **–** Содружество Независимых Государств

6. Ғылым салалары бойынша зерттеуші-мамандарды бөлу, адам
Распределение специалистов-исследователей по отраслям наук, человек

Жол коды Код строки	**Атауы** Наименование	**Зерттеуші мамандардың саны** Численность специалистов-исследователей: **барлығы** всего	**одан әйелдер** из них женщины	**Олардан ғылыми және академиялық дәрежесі барлар** Из них имеют ученую и академическую степень: **бейіні бойынша доктор** доктор по профилю: **барлығы** всего	**одан әйелдер** из них женщины	**философия докторы (PhD)** доктор философии (PhD): **барлығы** всего	**одан әйелдер** из них женщины	**ғылым докторы** доктор наук: **барлығы** всего	**одан әйелдер** из них женщины	**ғылым кандидаты** кандидат наук: **барлығы** всего	**одан әйелдер** из них женщины	**магистр** магистр: **барлығы** всего	**одан әйелдер** из них женщины
А	Б	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	**Барлығы** Всего												
	соның ішінде: в том числе:												
1.1	**жаратылыстану ғылымдары** естественные науки												
1.2	**инженерлік әзірлемелер және технологиялар** инженерные разработки и технологии												
1.3	**медициналық ғылымдар** медицинские науки												
1.4	**ауыл шаруашылығы ғылымдары** сельскохозяйственные науки												
1.5	**әлеуметтік ғылымдар** социальные науки												
1.6	**гуманитарлық ғылымдар** гуманитарные науки												

7. ҒЗТКЖ-ға жұмсалған ішкі және сыртқы шығындар, мың теңге Внутренние и внешние затраты на НИОКР, тысяч тенге

Жол коды Код строки	Атауы Наименование	**Барлығы** Всего	**Соның ішінде:** В том числе: **жаратылыстану ғылымдары** естественные науки	**инженерлік әзірлемелер және технологиялар** инженерные разработки и технологии	**медициналық ғылымдар** медицинские науки	**ауыл шаруашылығы ғылымдары** сельскохозяйственные науки	әлеуметтік ғылымдар социаль-ные науки	**гуманитарлық ғылымдар** гумани-тарные науки
А	Б	1	2	3	4	5	6	7
1	**ҒЗТКЖ-ға ішкі шығындар** Внутренние затраты на НИОКР							
1.1	**еңбекақы төлеуге байланысты шығындар** затраты на оплату труда							
1.2	**өзге де ағымдағы шығындар (шығындалатын материалдар, шикізаттар мен жабдықтар, жалдау төлемі және басқалары)** прочие текущие затраты (расходные материалы, сырье и оборудование, арендная плата и другие)							
1.3	**қызметтерді сатып алу (жеке жобалары үшін)** приобретение услуг (для собственных проектов)							
1.4	**негізгі қорларға шығындар (көліктер, жабдықтар, ғимараттар және басқалары)** затраты на основные средства (машины, оборудование, здания и другие)							
2	**Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік- конструкторлық жұмыстарға сыртқы шығындар** Внешние затраты на научно-исследовательские и опытно-конструкторские работы							
2.1	**ел ішінен алынған ҒЗТКЖ** приобретенные НИОКР внутри страны							
2.2	**басқа елден алынған ҒЗТКЖ** приобретенные НИОКР из внешних стран							
2.3	**гранттар, ғылыми-зерттеу институттарын қолдау** гранты, поддержка научно-исследовательских институтов							

8. ҒЗТКЖ-ға жұмсалған ішкі шығындарды көрсетіңіз, мың теңге Укажите внутренние затраты на НИОКР, тысяч тенге

Жол коды Код строки	**Атауы** Наименование	**Барлығы** Всего	**Соның ішінде:** В том числе: **жаратылыс-тану ғылымдары** естественные науки	инженерлік әзірлемелер және технологиялар инженерные разработки и технологии	**медициналық ғылымдар** медицинские науки	**ауыл шаруашылығы ғылымдары** сельско-хозяйственные науки	әлеуметтік ғылымдар социальные науки	**гуманитарлық ғылым-дар** гуманитарные науки
А	Б	1	2	3	4	5	6	7
1	**ҒЗТКЖ-ға жұмсалған ішкі шығындар** Внутренние затраты на НИОКР							
	соның ішінде: в том числе:	X	X	X	X	X	X	X
1.1	**іргелі зерттеулер** фундаментальные исследования							
1.1.1	**одан іргелі стратегиялық зерттеулерге** из них на фундаментальные стратегические исследования							
1.2	**қолданбалы зерттеулер** прикладные исследования							
1.2.1	**одан қолданбалы стратегиялық зерттеулерге** из них на прикладные стратегические исследования							
1.3	**тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер** опытно-конструкторские разработки							
1.3.1	**жобалау-конструкторлық және технологиялық жұмыстар** проектно-конструкторские и технологические работы							
1.3.2	**тәжірибелік үлгілерді, бұйымдар топтамасын (өнімдер) дайындау** изготовление опытных образцов, партий изделий (продукции)							
1.3.3	**құрылысқа арналған жобалау жұмыстары** проектные работы для строительства							

9. ҒЗТКЖ-ға жұмсалған ішкі шығындардың қаржыландыру көздерін көрсетіңіз, мың теңге
Укажите источники финансирования внутренних затрат на НИОКР, тысяч тенге

Жол коды Код строки	**Қаржыландыру көздерінің атауы** Наименование источников финансирования	**Барлығы** Всего	**Соның ішінде:** В том числе: **ғылыми зерттеулер** научные исследования: **іргелі** фундаментальные	**одан** из них **стратегиялық** стратегические	**қолданбалы** прикладные	**одан** из них **стратегиялық** стратегические	**тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер** опытно-конструкторские разработки: **жобалау-конструкторлық және технологиялық жұмыстар** проектно-конструкторские и технологические работы	**тәжірибелік үлгі, бұйымдар топтамасын (өнімдер) дайындау** изготовление опытных образцов, партий изделий (продукции)	**құрылысқа арналған жобалау жұмыстары** проектные работы для строительства
А	Б	1	2	3	4	5	6	7	8
1	**ҒЗТКЖ-ға жұмсалған ішкі шығындар** Внутренние затраты на НИОКР								
	соның ішінде: в том числе:	X	X	X	X	X	X	X	X
1.1	**меншікті қаражат** собственные средства								
1.2	**республикалық бюджет** республиканский бюджет								
	соның ішінде: в том числе:	X	X	X	X	X	X	X	X
1.2.1	**бағдарлама-мақсаттық** программно-целевое								
1.2.2	**базалық** базовое								
1.2.3	**гранттық** грантовое								
1.2.3.1	**одан инновациялық гранттар** из них инновационные гранты								
1.3	**жергілікті бюджет** местный бюджет								
1.4	**шетелдік қаражаттар** иностранные средства								
1.5	**өзге де қаражаттар** прочие средства								
1.5.1	**банк қарыздары** займы банков								
1.5.1.1	**одан несиелер мен қарыздар жеңілдетілген шарттармен** из них кредиты и займы на льготных условиях								
1.5.2	**банктен тыс заңды тұлғалардың қарызы (даму институттарынан басқа)** займы внебанковских юридических лиц (кроме институтов развития)								

Атауы Наименование ____________ **Мекенжайы** Адрес ____________

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)
Адрес электронной почты (респондента) ____________

Телефоны
Телефон ____________

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келісеміз[4]
Согласны на распространение первичных статистических данных[4] ☐

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келіспейміз[4]
Не согласны на распространение первичных статистических данных[4] ☐

Орындаушы
Исполнитель ____________ ____________
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) — **қолы, телефоны** подпись, телефон

Бас бухгалтер
Главный бухгалтер ____________ ____________
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) — **қолы** подпись

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға
Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности
____________ ____________
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) — **қолы** подпись

Ескертпе:
Примечание:
[4] **Аталған тармақ «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес толтырылады**
[4] Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан «О государственной статистике»

Мөрдің орны (бар болған жағдайда)
Место для печати (при наличии)

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 3 қарашадағы № 154 бұйрығына 12-қосымша

«Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар туралы есеп» (коды 241112123, индексі 1-ғылым, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы «Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар туралы есеп» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (коды 241112123, индексі 1-ғылым, кезеңділігі жылдық) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар туралы есеп» (коды 241112123, индексі 1-ғылым, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы Заңында анықталған мәндердегі ұғымдар пайдаланылады.

3. 1-бөлімнің 1.2-жолында адам, мәдениет және қоғам туралы білімді қоса алғанда, білім қорын ұлғайту мақсатында жүйелік негізде жүргізілетін шығармашылық жұмыс кіретін ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (бұдан әрі **–** ҒЗТКЖ), сонымен қатар қолданудың жаңа тәсілдерін ойлап шығару үшін осы білім қорын пайдалану көрсетіледі.

1-бөлімнің 1.5.1-жолын мемелекеттік сектор ұйымдары белгілейді. Мемлекеттік сектор құрамына келесі ұйымдар енеді: мемлекеттік басқаруды және жалпы қоғам қажеттілігін қамтамасыз ететін министрліктер мен ведомстволар; үкімет тарапынан толығымен қаржыландырылатын және қадағаланатын коммерциялық емес ұйымдар. Бұл ұйымдар ең алдымен үкіметке қызмет етеді және табыс табуды мақсат етпейді, негізінен әкімшілік және қоғамдық функцияларға қатысты зерттеу қызметтерімен айналысады.

1-бөлімнің 1.5.2-жолды қаржыландыру көздеріне және құқықтық мәртебесіне қарамастан унивеситеттер және басқа да жоғары оқу мекемелері, олардың бақылауындағы немесе олармен байланысты ғылыми-техникалық институттар, эксперименталдық орталықтар мен клиникалар енетін жоғары білім беру секторы ұйымдары белгілейді.

1-бөлімнің 1.5.3-жолды құрамына негізгі қызметі сату мақсатында өнім және қызмет өндірісімен байланысты барлық кәсіпорындар мен ұйымдар енетін кәсіпкерлік сектордағы ұйымдар, соның ішінде мемлекет меншігіндегілер белгілейді; жоғарыда көрсетілген ұйымдарға қызмет көрсететін жеке коммерциялық емес ұйымдар (мұнда енетіндер: концерндер, акционерлік қоғамдар, салааралық ғылыми-техникалық кешендер, ауыл және орман шаруашылығындағы ұйымдар, құрылыс ұйымдары, көлік, байланыс, несиелендіру және қаржыландыру саласы (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен басқа), сауда, тұрмыстық және коммуналдық (шаруашылық) қызмет көрсетушілер) көрсетеді.

1-бөлімнің 1.5.4-жолын табыс алуды мақсат етпейтін (профессионалды қоғам, одақтар, ассоциациялар, қайырымдылық ұйымдары және ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді жасайтын басқалары) ұйымдар енетін коммерциялық емес сектор ұйымдары.

1-бөлімнің 1.6-жолында құрылымында ғылыми немесе ғылыми-техникалық қызмет негізгі қызмет түрі болып табылмайтын, лаборатория, жобалық және конструкторлық бюро, өндірістік кәсіпорындармен бірлескен лабораториялар және тағы басқалар сияқты ғылыми-зерттеулер және тәжірибелік-конструкторлық бөлімшелері бар ұйымдар жатады.

1-бөлімнің 1.7-жолында жұмыс берушінің еңбек шартымен және актілеріне сәйкес белгілі бір мамандық, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысты орындағандар, есепті кезеңде ғылыми-зерттеулер және тәжірибелі-конструкторлық бөлімшелердің тізімінде тұрған барлық қызметкерлер жататын қызметкерлердің тізімдік саны көрсетіледі.

4. 2-бөлімде ҒЗТКЖ-ға қатысатын (басшылар, менеджерлер мен әкімшілерді қоса ескергенде) ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді орындаған қызметкерлер саны көрсетіледі.

2-бөлімнің 6-жолында ҒЗТКЖ-ны орындауға кеткен уақытты жазу керек. Негізгі қызмет аланы тек ҒЗТКЖ болатын қызметкерлерді ғана есепке алу нәтижеде толық бағалауды бермейтіндіктен, сондай-ақ ҒЗТКЖ-мен айналысуға жұмыс уақытының бір бөлігін жұмсайтындарды ғана есепке алу толығымен есептеу артық бағалауға әкеліп соғатындықтан, ҒЗТКЖ-мен айналысытандарды есптеуді жұмыспен қамтудың толық эквиваленті арқылы жүргізу керек. Яғни, аталған жолда қызметкерлердің ҒЗТКЖ-мен айналысқан нақты уақыттарын көрсету қажет. Көрсеткіш қызметкерлердің жұмыс уақытын (бір жылдық орташа) бөлуді бағалауы бойынша толтырылады.

2-бөлімнің 7-жолында сәйкесінші ҒЗТКЖ-дан басқа жұмыстарды орындауға кеткен уақытты толтырады.

6 және 7-жолдары келесі түрде толтырылады:

Ұйымда 10 адам өзінің негізгі жұмысынан басқа ҒЗТКЖ-мен айналысады.

Бұл ретте аталған қызметкерлер ҒЗТКЖ-мен төмендегідей уақыттарда айналысты: бір күнде 3 адам 3 сағаттан, 5 адам 4 сағаттан, 2 адам 2 сағаттан.

Тиісінше ҒЗТКЖ-ға кеткен жалпы уақыт төмендегідей болады:

(3 адам*3 сағат)+(5 адам*4 сағат)+(2 адам*2 сағат) = 33 сағат бір күнде.

Барлығы 10 адам бір күнде ҒЗТКЖ-ға 33 сағат жұмсады. Нәтижесінде ҒЗТКЖ-ны орындауға әрбір адам күніне орта есеппен (33 сағат/10адам) = 3,3 сағат жұмсаған.

Тиісінше бір жылда ҒЗТКЖ-ға жұмсалған уақыт:

(3,3 сағат*10 адам*бір жылдағы жұмыс күні).

7-қатарда басқа жұмыстарды орындауға кеткен уақыт саны осыған ұқсас есептелінеді. Осы жолдағы дерек барлық жұмыс уақытымен ҒЗТКЖ-ны орындауға кеткен уақыттың айырмасы ретінде де есептелінеді.

2-бөлімнің 2-бағандағы зерттеуші мамандарға, ғылыми зерттеулермен және әзірлемелермен кәсіби айналысатын және жаңа білімді, өнімдерді, әдістер мен жүйелерді құруда қатысатын, сондай-ақ көрсетілген қызмет түрлерін басқаруды тікелей жүзеге асыратын мамандар жатады. Зерттеушілердің жоғары кәсіби білімі бар.

2-бөлімнің 3-бағандағы техникалық персоналға қызметтік міндеттері техника, физика, биология, әлеуметтік немесе гуманитарлық ғылымдардың бір немесе бірнеше салаларында техникалық білімді және тәжірибені талап ететін мамандар жатады.

2-бөлімнің 4-бағандағы өзге де қамтушы персоналға ҒЗТКЖ жобаларына қатысатын немесе осындай жобалармен тікелей байланысты білікті және біліксіз мамандар, хатшы және конторлық персонал кіреді. Сонымен қатар қаржылық және кадрлық мәселелерге қатысы барлар және егер олардың қызметі ҒЗТКЖ-ға (экономистер, бухгалтерлер және тағы басқалар) қызмет көрсетумен байланысты болса жалпы басқарушылар жатады.

5. 6-бөлімде зерттеуші-мамандар ғылым саласы бойынша ажыратылады. Ғылымдар саласына жаратылыстану, инженерлік әзірлемелер мен технологиялар, медицина, ауылшаруашылығы, әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар жатады.

6-бөлімнің 1.1-жолында жаратылыстану ғылымдарына математика және компьютер ғылымдары (математика және ілеспе салалар: компьютер ғылымдары және басқа да пәндер (тек бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу; аппаратураны әзірлеуді басқа салаларда жіктеу қажет), физика ғылымдары (астрономия және ғарыш ғылымдары, физика, басқа да ілеспе пәндер), химия ғылымдары (химия, басқа да ілеспе пәндер), жер туралы ғылымдар (жерді және қоршаған ортаны зерделеу (геология, геофизика, минерология, физикалық география және басқа да геоғылымдар, метеорология және атмосфера туралы басқа да ғылымдар, соның ішінде климатты зерттеу, океанография, вулканология, палеоэкология, басқа да ілеспе пәндер) биология ғылымдары (биология, ботаника, бактериология, микробиология, зоология, энтомология, генетика, биохимия, биофизика, химиялық және ветеринария ғылымдарын қоспағанда басқа да ғылымдар) жатады;

6-бөлімнің 1.2-жолында инженерлік әзірлемелер мен технологияларға азаматтық техника (сәулет, құрылыс ғылымы және инженерлік іс, құрылыс техникасы, қалалық құрылыс және ғимараттар мен имараттарды жобалау мен басқа да ілеспе пәндер), электр техникасы, электроника, техника және байланыс жүйелері, компьютерлік техника (тек қана аппараттық қамтамасыз ету), басқа да инженерлік ғылымдар (химия, механика, металлургия, авиация және ғарыш, материалдарды жасау және олардың мамандандырылған бөлімшелері); ағаш өңдеу өнеркәсібі; геодезия, өнеркәсіп химиясы және т.с.с. қолданбалы ғылымдар; тамақ өнеркәсібі ғылымы мен технологиясы; мамандандырылған салааралық технологиялар, яғни жүйелік талдау, металлургия, тау-кен ісі, тоқыма технологиясы және басқа да ілеспе пәндер жатады;

6-бөлімнің 1.3-жолында медициналық ғылымдарға жалпы медицина (анатомия, цитология, физиология, генетика, фармацевтика, фармакология, токсикология, иммунология және иммуногематология, клиникалық химия, клиникалық микробиология, патология), клиникалық медицина (анестезиология, педиатрия, акушерлік және гинекология, ішкі аурулар медицинасы, хирургия, стоматология, неврология, психиатрия, радиология, терапия, отоларингология, офтальмология), денсаулық жөніндегі ғылымдар (мемлекеттік денсаулық сақтау қызметтері, әлеуметтік медицина, гигиена, медбикелік қызмет көрсету, эпидемилогия) жатады;

6-бөлімнің 1.4-жолында ауылшаруашылығы ғылымдарына ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, балық аулау және ілеспе ғылымдар (агрономия, мал шаруашылығы, балық шаруашылығы, орман шаруашылығы, бақша шаруашылығы және басқа да ілеспе пәндер) және ветеринарлық медицина жатады;

6-бөлімнің 1.5-жолында әлеуметтік ғылымдарға психология, экономика, білім беру ғылымдары (білім беру және басқа да ілеспе пәндер) және ғылымдар (антропология (әлеуметтік және мәдени) және этнография, демография, география (адам, экономикалық және әлеуметтік), қалалар мен ауылдарды жоспарлау, менеджмент, юриспруденция, лингвистика, саяси ғылымдар, әлеуметтану, ұйымдастыру және әдістер, әлеуметтік ғылымдар, сондай-ақ салааралық, әдіснамалық, тарихи және осы топтарға жататын басқа да ғылыми қызмет) жатады;

6-бөлімнің 1.6-жолында гуманитарлық ғылымдарға (тарих, ежелгі тарих және археология, нумизматика, палеография, генеалогия және тағы басқа сияқты қосалқы тарих пәндерімен бірге орта ғасырлар тарихы, тілдер және әдебиет (ежелгі және заманауи), басқа гуманитарлық ғылымдар (философия (ғылым және техника тарихын қоса алғанда), өнер, өнер тарихы, өнертану, сурет салу, мүсін, музыка, драма өнері; дін, теология, әдіснамалық, тарихи және басқа да ғылыми қызметтерге байланысты гуманитарлық ғылымдарға қатысы бар басқа салалар мен пәндер) жатады.

6. 7-бөлімде ҒЗТКЖ-ға шығыстар көрсетіледі және бұлар еңбекақы төлеуге кеткен шығыстар және ағымдағы шығыстар, сондай-ақ құралдарға, жабдықтарға, ғимарттар мен жерді сатып алудан тұратын ағымдағы және күрделі шығыстар жиынтығынан тұрады.

7-бөлімде 1-жолында ішкі шығындар көрсетіледі. Бұған есепті жылда ұйым ішінде өз күшімен орындаған ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған шығыстар, ағымдағы және күрделі шығындар енеді. Ағымдағы шығыстарға еңбекке ақы төлеуге, қызметтерді сатып алуға, ҒЗТКЖ үшін шығыс материалдарды, шикізаттарды және құрал-жабдықты сатып алуға кеткен шығыстар жатады. Күрделі шығыстарға негізгі қорлар құрамына енетін жер телімдерін сатып алуға, құрылыс немесе ғимаратты сатып алуға, жабдықтарды сатып алуға, бағдарламалық қамтамасыз етуге кеткен шығындар жатады.

7-бөлімде 1.3-жолында қосалқы қызметтерге сәйкесінше ұйым шеңберінде орындала ма әлде сыртқы жабдықтаушылардан сатып немесе жалға алынғадығына қарамастан жұмсалған шығыстар көрсетіледі. Мысалы: ғимараттар мен жабдықтарды, компьютерлік қызметтерді, ҒЗТКЖ бойынша есептерді қағаз бетіне түсіру бойынша күзет, жөндеу және техникалық қызмет көрсетулер.

7-бөлімде 2-жолында сыртқы шығындар, яғни ұйымның басқа ұйымдарға (есеп тапсырушы ұйымдармен бірге келісімшарт бойынша серіктес-ұйымдарға) ҒЗТКЖ орындағаны үшін төлеген шығыстары көрсетіледі.

7-бөлімде 2.3-жолында ұйымдардың ғылыми және басқа да зерттеулер, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуі үшін зерттеу институттарына берген қайтарымсыз субсидилері құндық мәнінде көрсетіледі.

7. 9-бөлімнің 1.1-1.5 жолдарында ҒЗТКЖ-ға жұмсалған ағымдағы шығыстар қаржыландыру көздеріне қарай бөлінеді.

9-бөлімде 1.1-жолында ұйымның жеке қаражаты, оның ішінде өндірілген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге қосылған қосымша құн есебінен алынған пайдадан көрсетіледі.

9-бөлімде 1.2-жолында ұйымның тікелей немесе тапсырыс берушімен шарттары бойынша алатын республикалық бюджеттің қаражаттары көрсетіледі.

9-бөлімде 1.2.3.1-жолында нақты инновациялық жобаларды дамыту үшін алынатын республикалық бюджеттің қаражаттары көрсетіледі.

9-бөлімде 1.3-жолында ұйымның тікелей немесе тапсырыс берушімен шарттар бойынша алатын жергілікті бюджеттің қаражаттары көрсетіледі.

9-бөлімде 1.4-жолында тікелей шетелдік инвесторлардың (жеке немесе заңды тұлғалардың), басқа мемлекеттердің, шетелдік банктердің (Қазақстан аумағында орналаспаған шетелдік банктер) және шетелдік компаниялардың салған қаражаттары көрсетіледі.

9-бөлімде 1.5-жолында өзге де қаражаттар (шетелдік инвестициялардан басқалары) көрсетіледі, оған кіретіндер банктен алынған және субъектінің жеке меншігіндегі емес, бірақ уақытша осы субъектінің билігінде және жеке меншігімен тең пайдаланылатын қаражаттар (банк қарыздары) және өз жобаларын жетілдіру үшін басқа заңды тұлғалардан (банктер мен даму институттарынан басқа) алынған қаражаттар (банктен тыс заңды тұлғалардың қарыздары (даму институттарынан басқа).

8. Ескертпе: X **–** бұл позиция толтыруға жатпайды.

9. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында (www.stat.gov.kz) орналастырылған «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

10. Арифметикалық-логикалық бақылаулар:
1) 2-бөлім «ҒЗТКЖ-ны жүзеге асыратын қызметкерлер саны»:
1-жол = 2.1, 4, 5-жолдардың ∑;-
2.1-жолдар ≥ 3-жолдар;
3-жол = 3.1-3.5-жолдардың ∑.
2) 3-бөлім «ҒЗТКЖ-ны жүзеге асыратын қызметкерлердің санын жас бойынша бөлу»:
1.1-жол ≥ 2-жол;
2-жол = 2.1-2.5-жолдардың ∑.
3) 4-бөлім «ҒЗТКЖ-ны орындаған зерттеуші-мамандар санының қозғалысы»:
1-жол ≥ 1.1-жолдың;
1.1-жол= 1.1.1-1.1.5-жолдардың ∑;
2-баған = 3-5-бағандардың Σ;
6-баған = 7-9-бағандардың Σ.
4) 5-бөлім «Туған елдері және азаматтығы бойынша зерттеуші-мамандарды бөлу»:
1-жол ≥ 2-жол;
2-жол= 2.1-2.5- жолдардың ∑.
5) 6-бөлім. «Ғылым салалары бойынша зерттеуші мамандарды бөлу»:
1-жол= 1.1-1.6-жолдардың ∑;
1-баған = 3, 5, 7, 9, 11-бағандардың Σ;
2-баған = 4, 6, 8, 10, 12-бағандардың Σ.
6) 7-бөлім «ҒЗТКЖ-ға жұмсалған ішкі және сыртқы шығындар»:
1-жол= 1.1-1.4-жолдардың ∑;
2-жол= 2.1-2.3-жолдардың ∑;
1-баған = 2-7-бағандардың Σ.
7) 8-бөлім «ҒЗТКЖ-ға жұмсалған ішкі шығындарды көрсетіңіз»:
1-жол= 1.1-1.3-жолдардың ∑;
1.3-жол = 1.3.1-1.3.3-жолдардың ∑;
1-баған = 2-7-бағандардың Σ.
8) 9-бөлім «ҒЗТКЖ-ға жұмсалған ішкі шығындардың қаржыландыру көздерін көрсетіңіз»:
1-жол = 1.1-1.5 жолдардың ∑;
1.2-жол ≥ 1.2.1-1.2.3-жолдан;
1.2.3-жол ≥ 1.2.3.1 жолдары;
1.5-жол ≥ 1.5.1-1.5.2-жолдардың ∑;
1.5.1-жол ≥ 1.5.1.1-жолдан;
1-баған = 2, 4, 6, 7, 8-бағандардың ∑.
9) Бөлімдер арасындағы бақылау:
7-бөлімнің 1-бағаны 1-жолы = 8-бөлімнің 1-бағаны 1-жолы = 9-бөлімнің 1-бағаны 1-жолы;
2-бөлімнің 1-бағаны 1-жолы = 3-бөлімнің 1-бағаны 1-жолы;
2-бөлімнің 2-бағаны 1-жолы = 3-бөлімнің 1-бағаны 1.1 жолы = 4-бөлімнің 10-бағаны 1-жолы = 5-бөлімнің 1-6-бағандары 1-жолының ∑ = 6-бөлімнің 1-бағаны 1-жолы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 3 қарашадағы № 154 бұйрығына 13-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің күші жойылды деп тануға жататын кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. «Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар туралы есеп» (коды 0511104, индексі 1-ғылым, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны мен оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 30 қазандағы № 34 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10040 болып тіркелген, 2015 жылғы 30 қаңтарда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. «Білім беру статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 14 қарашадағы № 48 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10073 болып тіркелген, 2015 жылғы 30 қаңтарда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. «Білім беру статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 14 қарашадағы № 48 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2015 жылғы 14 шілдедегі № 112 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11922 болып тіркелген, 2015 жылғы 7 қыркүйекте «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

4. «Білім беру статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 14 қарашадағы № 48 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 28 қарашадағы № 277 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14576 болып тіркелген, 2017 жылғы 10 қаңтарда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16019 болып енгізілді.